

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының 2012 - 2022 жылдарға арналған даму стратегиясын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 1202 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 17 қазандағы № 656 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 17.10.2018 № 656 қаулысымен.

"Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 1 ақпандағы Заңының 7-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының 2012 - 2022 жылдарға арналған даму стратегиясы бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастан қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 1202 қаулысымен
бекітілген

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының 2012 - 2022 жылдарға арналған даму стратегиясы

Мазмұны

Кіріспе

1. Ағымдағы ахуалды талдау
2. Миссиясы, пайымы және қызметінің қағидаттары
3. Дамудың стратегиялық бағыттары

Кіріспе

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Самұрық-Қазына" АҚ) "Ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан

Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығына және "Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 13 қазандағы № 669 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қазандағы № 962 қаулысына сәйкес "Қазына" орнықты даму қоры" және "Самұрық" мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдингі" акционерлік қоғамдарын қосу жолымен құрылған.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың жалғыз акционері болып табылады.

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының 2012 - 2020 жылдарға арналған даму стратегиясы индустриялық-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық және Қор қызметінің басқа бағыттары бойынша өзге де салалардағы мемлекеттік саясаттың басты бағыттарын ескере отырып әзірленді және оның миссиясын, пайым көкжиегін, стратегиялық бағытын, онжылдық кезеңге арналған мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

1. Ағымдағы ахуалды талдау

Сыртқы ортаны талдау

ХВҚ¹ деректеріне сәйкес әлемдік экономиканың өсуінің баяулау тәуекелдерінің болуына қарамастан, дамыған елдерде қалпына келтіру өсуінің баяу болуы болжанып отыр, ал экономикасы дамушы елдерде орнықты белсенділіктің сақталуы болжануда. Әлемдік экономиканың өсуі инвестициялық белсенділікті ұлғайтуы және Қазақстанға инвестициялар көлеміне оң ықпалын тигізуі мүмкін.

Оған қоса, Goldman Sachs деректеріне сәйкес, әлемдік резервтер мен өндірістік мүмкіндіктердің сарқылуының әсерінен орта мерзімді кезеңде мұнайдың әлемдік бағалары өсетін болады, бұл Қордың құрылымындағы тау-кен өндіру секторы үлесінің басым болуымен байланысты "Самұрық-Қазына" АҚ-ға қолайлы әсер етеді.

Сонымен бір мезгілде экономиканың өндірістік емес және өндіруші секторларының басым болуы елдің макроэкономикалық тәуекелінің негізгі факторы ретінде қалып отыр. Негізгі капиталға инвестициялар көлемдерінің ұлғаюының оң серпініне қарамастан, өңдеу өнеркәсібінің отандық кәсіпорындарында негізгі қорларды жаңарту, атап айтқанда, машина жасауда барынша баяу және проблемалық жағдайда жүруде. Осы проблемаларды шешу үшін Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2014 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы (ҮИИДМБ) және 2020 жылға дейінгі Даму жоспары елдің индустриялық және инновациялық дамуына және шетел инвестицияларын тартуға ықпалын тигізеді.

Қазақстанның Кеден одағына кіруі және жоспарланып отырған ДСҰ-ға кіруі қатысушы елдер арасында тауар айналымының көлемдерін жылдамдату және ұлғайту мүмкіндіктерін кеңейтеді және шетел инвестицияларын тартуға ықпалын тигізуі мүмкін, сондай-ақ қазақстандық заңнаманың ДСҰ-ның және Кеден одағының шешуші келісімдермен сәйкес келтіруге алып келеді, бұл өз кезегінде баждардың, салықтардың және т.б. өзгеруіне әкеледі.

¹ Халықаралық валюта қоры (2012). Әлемдік экономиканың даму перспективалары

Ішкі органы талдау

Қордың қызметі "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңымен (бұдан әрі – Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен реттеледі.

2011 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор тобының құрылымына 2011 жылдың қорытындылары бойынша 13 423,1 млрд. теңге мөлшерінде барлық қауымдасқан бақыланбайтын ұйымдарды ескере отырып, шоғырландырылған теңгерімдік құнының барлық деңгейлерімен 587 еншілес ұйым кірді. Қор компаниялары активтерінің құрылымында бейінді емес активтердің елеулі үлесі бар, бұл олардың қызметінің тиімділігін төмендетеді.

Қор компанияларында корпоративтік басқарудың жалпы деңгейін жоғарылатуда оң трендтің болуына қарамастан², Директорлар кеңесінің тиімділігін арттыруға және тәуелсіз директорлардың рөлін күшейтуге қажеттілік бар.

Инвестициялық қызметте оның тиімділігін тежейтін бірқатар факторлар бар, оның ішінде инвестициялық жобаларды басқарудың "қоржындық" сипаты емес, "дара" сипаты; қоржын деңгейінде тиімділік көрсеткіштерінің жоқтығы; шикізат бағасына және монополияға қарсы реттеуге тәуелділік; Қор тобы компанияларының Қордың инвестициялық әлеуетін тежейтін әлеуметтік-бағдарланған функцияларды қоса алғанда, коммерциялық емес функцияларды орындауы. 2005 - 2012 жылдары кейбір еншілес ұйымдардың міндеттемелері инвестициялар көлемінің елеулі болуына байланысты шекті деңгейлерге дейін өсті, осыған байланысты осы компаниялардың борыш құрылымын және пайыздық шығыстарын оңтайландыру қажет.

Кадр жүйесінің кемшіліктеріне кадрларды тағайындаудың ашық болмауын, Қор тобы компаниялары менеджментін жиі ауыстыру, қызмет нәтижелілігін бағалаудың, сыйақының және қызметкерлерді уәждеудің тиімді жүйесінің жеткіліксіздігін жатқызуға болады.

²Орташа алғанда корпоративтік басқару диагностикасы жүргізілген компаниялар тобы бойынша көрсеткіштер 2009 жылы – 48,3%, 2010 жылы - 49% және 2011 жылы 56,2%-ды құрады.

SWOT-талдау

Сыртқы және ішкі ортаны талдау нәтижесінде Қордың күшті және әлсіз жақтары айқындалды, сондай-ақ қазіргі мүмкіндіктер мен қатерлер төменде кестеде келтірілген.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан белсенді қолдау 2. Қорға кең өкілеттіліктер беретін заңнаманың болуы 3. Несие рейтингтерінің бар болуы тәуелсіз деңгейде. Маңызды әлеуметтік-экономикалық мәні бірақ төмен кірістілігі бар жобалар мемлекет тарапынан қаржылық демеуді иеленеді.	1. Қордың кейбір компанияларының құрылымында бейінді емес активтердің болуы 2. Қор компанияларының жоғары борыштық жүктемесі. 3. Қордың және компаниялардың қызметіне коммерциялық емес жүктеменің болуына байланысты қызмет тиімділігінің азаюы. 4. Кадр саясатының кемшіліктері, оның ішінде Қор тобы компаниялары менеджментінің жиі ауыстырылуы.
Мүмкіндіктер	Қатерлер
1. Шикізатқа, өнім мен қызметтерге әлемдік сұраныстың артуы, мұнай бағасының өсуі 2. Интеграциялық үдерістер салдарынан сауда мүмкіндіктерінің ұлғаюы. 3. BRIC елдерінде экономикалық өсу салдарынан шетелдік инвестицияларды тарту. 4. Экономиканы дамытуға және шетелдік инвестицияларды тартуға бағытталған мемлекеттік саясат.	1. Қарыз капиталының қымбаттауына және шикізатқа бағаның тұрақты болмауына алып келетін әлемдік қаржылық нарықтардағы орнықсыздық. 2. Заңнаманың өзгеруі (экспорттық баждарды ұлғайту, салықтарды жоғарылату және т.б.)

2. Миссиясы, пайымы және қызметінің қағидаттары

Қордың миссиясы – ұйымдардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту және Қор тобына кіретін активтерді тиімді басқару арқылы Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру.

Қордың 2022 жылға қарай пайымы – таңдаулы әлемдік практикаларға қол жеткізген, шикізаттық емес компаниялардың дамуының катализаторы және ел экономикасының орнықты жұмыс істеуін қолдауға негіз болып табылатын компанияларды біріктіретін стратегиялық холдинг.

Қор өз қызметінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1. Қордың жалғыз акционері ретінде мемлекет мүдделерін сақтау;

2. Қордың және Қор тобына кіретін басқа да ұйымдардың қызметінің кірістілігі, тиімділігі, ашықтығы және есептілігі;

3. Шешімдер қабылдаудағы және оларды іске асырудағы жүйелілік және жеделділік;

4. Қордың әлеуметтік жауапкершілігі;

5. Заңдылық

Бұл ретте Қор мынадай құндылықтарды өз қызметінде ең бастылары ретінде санайды:

1. Меритократия: әрқайсысының үлесі мен жетістіктерін бағалаудағы әділдік пен шынайылық.

2. Құрмет: команданың басқа мүшелеріне құрметпен қарау.

3. Адалдық: Қор ішінде және өз әріптестеріне деген адалдық.

4. Ашықтық: байланыстар мен әріптестерге деген ашықтық.

5. Командалық рух: бірлескен қызметтен барынша жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ынтымақтастық.

6. Сенім: өзара көмек және сенім мәдениетіне бейімділігі.

3. Дамудың стратегиялық бағыттары

Өзінің пайымына қол жеткізу және миссиясын іске асыру үшін Қор үш стратегиялық бағыт бойынша іс-қимыл жасайды:

1. Компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыру;

2. Ұлттық экономиканың әртараптандырылуына және жаңғыртылуына қатысу;

3. Әлеуметтік жауапкершілік.

1. Компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыру

Қордың негізгі мақсаты таңдаулы әлемдік практикаларға қол жеткізген компаниялардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту болып табылады. Қор компанияларының қызметі жоғары операциялық тиімділік, өнімділік және кірістілік, жоғары қаржылық орнықтылық, дамудың жоғары инновациялық деңгейі, активтердің ашық және оңтайлы құрылымы сияқты өлшемдерге жауапты болуы тиіс.

Қор өз компанияларының құнын бағалауды тұрақты түрде жүзеге асыруға, бағалау нәтижелері бойынша Қордың Директорлар кеңесіне есеп беруге ниет білдіріп отыр. Қор компаниялары құнын арттыруды бағалау үшін олардың акцияларын отандық және шетелдікті қоса алғанда, қор нарықтарында орналастыру көзделуде, олардың нарықтық құнының көрсеткіші пайдаланылады, ал қор нарықтарында орналастырылмаған компанияларды бағалау үшін

әдіснамасы әзірленетін және Қордың Директорлар кеңесіне бекітуге шығарылатын құн индикаторы пайдаланылатын болады.

Сондай-ақ, жыл сайынғы негізде компания құрған немесе жоғалтқан құн көлемін сипаттайтын EVA (Economic Value Added) көрсеткіші пайдаланылатын болады.

Қор компанияларының ұзақ мерзімді құнын арттыру үшін мынадай міндеттер іске асырылады:

1. Бенчмаркинг арқылы компаниялардың қаржылық және өндірістік тиімділігін арттыруға ынталандыру

Компаниялардың қызметін ұқсас жетекші әлемдік компаниялармен және өз саласындағы (бенчмаркинг) көшбасшылармен салыстырмалы талдау³ Қор компанияларын ұзақ мерзімді құнды барынша көбейту жөніндегі мақсатқа қол жеткізуге ынталандырудың негізгі құралына айналады.

Негізгі салмақ кірістілік және еңбек өнімділігі сияқты көрсеткіштерді жоғарылатуға түсірілетін болады. Компаниялардың кірістілік және өнімділік көрсеткіштеріне бағдарлануы олардың ұзақ мерзімді құнының жылдам өсуіне ықпалын тигізеді.

Қаржылық көрсеткіштермен қатар оларды ұқсас жетекші өңірлік және әлемдік компанияларға жақындату үшін табиғи-техникалық және қызметтің сапалы көрсеткіштерінің жиынтығын пайдалануға назар аударылатын болады.

2. Корпоративтік басқару деңгейін арттыру

Компаниялардың құны мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың аса маңызды қаржылық емес факторларының бірі корпоративтік басқару сапасы болып табылады. Таңдаулы әлемдік практикаларға сәйкес келетін корпоративтік басқару акционерлердің және инвесторлардың компанияда қабылдау деңгейін арттырады, қарыз капиталының құнын төмендетеді, компанияның ұзақ мерзімді құнын арттырады.

2022 жылға қарай Қордың ірі компанияларындағы корпоративтік басқару рейтингісінің орташа мәні 85 % деңгейінде жоспарланып отыр.

Осы мақсатта Қор кәсіби директорларды тарту, тәуелсіз директорлар үлесін ұлғайту компанияның дамуы үшін маңызы бар салаларда директорлар кеңесінің рөлін күшейту жолымен стратегиялық орган ретінде компаниялардың директорлар кеңестерінің тиімділігін арттыру, директорлар Кеңестеріндегі өз өкілдерінің мамандығының жоғарылатуы бойынша белсенді жұмысты жалғастырады.

Компаниялардың директорлар кеңесінің және атқарушы орган мүшелерін бағалау тұрақты негізде жүзеге асырылатын болады, соның ішінде тәуелсіз

консультанттарды тартуымен және бағалау қорытындылары бойынша тиісті шаралар қабылданады.

Қор, экономиканың дамуының осы заманғы үрдістеріне және бизнес жүргізудің озық тәжірибелеріне сәйкес келетін басқару әдістеріне және бизнес-үдерістерге Қордың тобының өткелін өтуін ынталандыратын болады.

Қор мен оның компанияларының арасындағы өзара іс-қимыл корпоративтік заңнама нормаларымен, компаниялардың корпоративтік басқармасының кодекстерімен, сондай-ақ барлық дауыс беретін акциялары Қорға тиесілі акционерлік қоғамдарда өкілеттіктерді бөлу тұжырымдамасымен реттеледі. Компаниялар органдарының құзыреті компанияның даму дәрежесіне және корпоративтік басқару деңгейіне байланысты болады.

3. Инвестициялық саясат

Қор компанияларының инвестициялық қызметі олардың ұзақ мерзімді құнының өсуіне ықпалын тигізуі тиіс. Инвестициялық жобаларды тиімді іске асыру үшін нарықтық қағидаттарға негізделген нақты қаржылық тәртіп берілетін болады. Бұл ретте инвестициялық жобаларды іске асырудың шешуші өлшемдері оның кірістілігі және елдің дамуы үшін стратегиялық маңыздылығы болуға тиіс.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыру әртүрлі оңтайлы құралдарды пайдалана отырып жүзеге асырылады. Оның ішінде, мемлекеттік кепілдіктерді, субсидиялауды, жалға беруді, концессияны және т.б. қоса алғанда, мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің әртүрлі тетіктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашылық жасайтын инвестициялық жобалар бойынша бюджеттік қаржыландыру пайдаланылуы мүмкін.

Компаниялар тобының құнын қосымша өсуі жаңа басымды секторларда жобаларды/компанияларды қаржыландыру есебінен қамтамасыз етілетін болады. Бұл ретте жаңа секторлар жоғары табыстарды туындатуды және одан әрі өсудің жоғары әлеуетінің болуын қамтамасыз етуі тиіс.

Қор тұрақты негізде Қазақстанның ішінде де, сондай-ақ шет елде де жаңа мүмкіндіктер мен басымды салаларды мұқият талдауды жүзеге асыруға ниетті.

4. Активтерді қайта құрылымдау және компаниялардың IPO-ға шығуы

Қор компанияларының ұзақ мерзімді құнын арттыру компаниялар қызметінің олардың негізгі қызметіне (core business) және шешуші құзыретіне (core competence) шоғырландыруға, олардың операциялық және қаржылық тиімділігін арттыруға көзделген активтерді қайта құрылымдауды жүргізуге ықпал ететін болады. Осы мақсатта 2015 жылға дейін Қор компаниялары тобының активтерін, оның ішінде бейінді еместерін қайта құрылымдау бойынша жоспарлар бекітілетін болады.

Қор құрамында бейінді емес активтері бар Қор компаниялары активтерінің құрылымын реттеу үдерісінде белсенді рөл атқаратын болады, өйткені қызметтің

бейінді емес түрлері компаниялардың ресурстарын (адами және қаржылық) бейінді операциялық қызметтен алаңдатады. Қор компанияларының қысқа және орта мерзімді перспективасында бейінді активтердің біраз бөлігін іске асыруды оларды бәсекелі ортаға сату, жергілікті атқарушы органдарға беру, қызмет түрлерін өзгерту не топтың басқа компанияларына интеграциялау жолымен жүзеге асырады.

2015 жылға дейін Қор "Халықтық IPO" бағдарламасын іске асыруға қатысатын болады, ол Қор компанияларына қосымша қаржыландыруды тартуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді және Қазақстан Республикасының азаматтарына еліміздің аса ірі компанияларының акцияларын иеленуге мүмкіндік береді, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамытуға ықпалын тигізетін болады. Осы бағдарламаның шеңберінде 2015 жылға дейін мынадай компанияларда IPO жүргізу жоспарланып отыр: "ҚазТрансОйл" АҚ, "KEGOC" АҚ, "Эйр Астана" АҚ, "ҚазТрансГаз" АҚ, "Қазақтеңізкөлікфлоты" АҚ, "Самұрық-Энерго" АҚ, "Қазақстан темір жолы" АҚ және "Қазтеміртранс" АҚ.⁴

2015-2022 жылдар кезеңінде Қор барлық компанияларды, халықаралық компанияларды қоса алғанда, қосымша акционерлік капиталды тарту және компаниялардың тиімділігін арттыру мақсатында акциялардың бақылау пакетін сақтай отырып қор нарықтарына шығаруды жоспарлап отыр. Бұл ретте Қор компаниялары құрылымындағы өндіруші активтерді қор нарықтарына шығару мәселесі 2015 жылдан кейін қарастырылатын болады.

Қор нарығында акцияларға баға белгілеу бірқатар артықшылықтар береді, атап айтқанда:

1) компаниялардағы тиімділікті және корпоративтік басқару деңгейін арттыруға;

2) қосымша акционерлік капитал тарту;

3) ірі, тәжірибелі, институционалды инвесторларды тарту;

4) компаниялардың нарықтық құнының объективті бағасын алу.

5. Компанияларды басқару жүйесінің тиімділігін жақсарту

Қор компаниялар қызметін жоспарлау және бағалау жүйесін жетілдіруді, басқарушылық есептілігі жүйесін енгізуді, қаржылық және басқарушылық есептілігінің байланыстырылуын қамтамасыз етуді жалғастыратын болады. Басқарушылық есептілік жүйесі компаниялардың белгіленген мақсаттарының қалай іске асып жатқандығы туралы, қажетті шешімдер қабылдау үшін ахуалдарды нашарлату туралы уақтылы дабылдау туралы ақпаратты уақтылы және сапалы беретін болады.

Компаниялардың қаржылық орнықтылығының мониторингі Қордың өтімділік және қаржылық орнықтылық коэффициенттерінің шекті және ең

төменгі нормативтік мәндерін қою жолымен жүзеге асырылатын болады: борыш/ЕВІТДА коэффициенті, борыштың өз капиталына ара қатынасы коэффициенті, ЕВІТ-тің пайыздық сыйақы бойынша шығыстарға ара қатынасының коэффициенті, қысқа мерзімді активтердің қысқа мерзімді міндеттемелерге ара қатынасы коэффициенті.

Қор уақытша бос ақша қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру бойынша жұмыс істейтін болады. Бұл үшін топтық ішкі өтімділікті басқару үдерісі жетілдірілетін болады.

Қор тобына кіретін барлық компанияларда тәуекелді басқарудың бірыңғай әдістерін, жолдары мен тәсілдерін (тәуекелдерді басқарудың кешенді бағдарламасы) енгізу жоспарланған. Осы бағдарлама шеңберінде Қор топ компанияларының қаржылық тәуекелдерін жалпы басқаруды жүзеге асыратын болады.

2013 жылы Қордың еншілес ұйымдарында қызметтің коммерциялық және коммерциялық емес түрлерін бөлек есепке алуды жүзеге асыру жоспарланған. Бөлек есепке алуды енгізу Компания орындайтын коммерциялық емес функциялардың көлемін нақты бағалауға және қадағалауға, мемлекет тарапынан тікелей қолдау көрсетуді талап ететін қызмет түрлері бойынша мемлекетпен нақты диалог жүргізуге мүмкіндік береді.

6. Инновацияларды дамыту

Қор қоржынды компаниялардың инновациялық қызметін басқару және үйлестіру орталығы рөлін атқарады.

Атап айтқанда, Қор барлық компанияларға ортақ та, сондай-ақ әрбір компания үшін ерекше де болатын инновациялық қызметтің тиімділігінің шешуші көрсеткіштерін айқындау арқылы компаниялардың инновациялық белсенділігін ынталандыратын болады. Инновацияларды дамыту үшін осы қызметке индустриялық-инновациялық инфрақұрылым элементтерін тарта отырып, инновацияны тарту үшін қажетті ұйымдастырушылық (инновациялық стратегия, инновациялық үдерістерді және кадрларды басқару жүйелері, инновациялық мәдениет және т.б.) және инфрақұрылымдық жағдайлар (ғылыми-зерттеу зертханалары және сынақ полигондары, инноваторларды қаржыландыру және материалдық-техникалық қолдау қорларының болуы және т.б.) құрылатын болады.

Қор сонымен бірге ұзақ мерзімді перспективада ғылыми-технологиялық саладағы әріптестіктің тиімді құралдардың бірі ретіндегі мақсатты технологиялық бағдарламалардың дамуына белсенді ықпал ететін болады. Қор инновацияларды тиімді енгізу және жоғары технологиялы өндірістердің дамыту бойынша жұмыс жүргізеді.

Қор тобының инновациялық дамуындағы негізгі басымдықтар энергия және ресурс үнемдеу, жергілікті қамтуды дамыту, экологиялық, қауіпсіздік болып табылады.

Бұдан басқа, ғылыми-зерттеу және білім беру блоктары арасында өзара тығыз байланысты қамтамасыз ету мақсатында Қор ғылыми-білім беру кластері құратын болады, оның маңызды буыны ҚБТУ болады.

7. Адами капиталдың дамуы

Қор компаниялары тобының кадр саясаты озық дағдысы мен құзыреті бар, жоғары деңгейлі кадрларды тартуға, оқытуға және ұстауға бағытталады. Бұл міндетте нәтижелілікті арттыру үшін материалдық, сондай-ақ материалдық емес ынталандыруды қамтитын уәждеудің тиімді жүйесін қалыптастырудың атқаратын рөлі зор.

Материалдық ынталандыру компания қызметінің мақсаттары мен қол жеткізілген табыстарына нақты байланыстырылған компания басшылары мен қызметкерлеріне бәсекелестік сыйақы төлеу есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Әлеуметтік қолдау бағдарламалары және мемлекеттік міндетті қамтамасыз етуден тыс қосымша жеңілдіктер Қор тобындағы жалпы сыйақының ажырамас бөлігіне айналады.

Қор тобы қызметкерінің әр қайсысы үшін мансаптық өсу бойынша жоспарлар әзірлеу нәтижелелікті арттырудың материалдық емес ынталандыруы болып табылады. Қызметкердің мансаптық өсу бойынша жоспары оның мансаптық күтулерінің айқын көрінісін беретін болады, қызметкердің дамуының басым бағыттарын айқындайды және оның мақсатқа ұмтылуын уәждеуге дайындығын артыруға ықпалын тигізетін болады.

Басқару кадрларын компанияның құнын арттыруға бағдарланған кешенді оқытуды тұрақты негізде жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Компания менеджментінің орнықтылығын және сабақтастығын сақтау компания қызметінің орнықтылығының маңызды шарты болып табылады.

³Қор компанияларының ұқсас жетекші әлемдік компанияларымен салыстырмалы талдау, сондай-ақ компаниялар бойынша 2022 жылға дейінгі пайым 7-қосымшада берілген. Компаниялардың пайымдарына қол жеткізу жөніндегі негізгі қадамдар 2-қосымшаның "Жол карталарында" берілген.

⁴Қор акцияларын нарыққа шығару Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес іске асады.

2. Ұлттық экономиканы әртараптандыруға мен жаңғыртуға қатысу

Осы стратегиялық бағыт шеңберінде өндірістік және инфрақұрылымдық активтердің жаңаларын жасау және қазіргілерін жаңғырту, сондай-ақ қосылған құн тізбектерін дамыту шешуші мақсат болып табылады.

Бұл мақсатқа мынадай міндеттерді іске асыру жолымен қол жеткізілетін болады:

1. Стратегиялық инвестицияларды жүзеге асыру

Қор Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауларын, Үдемелі индустриялық-инновациялық дамытудың 2014 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі - ҮИИДМБ), Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі дамуының стратегиялық жоспарын және еліміздің басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұлттық экономиканы әртараптандыру және жаңғырту бойынша міндеттерді іске асыру үшін барынша жәрдемдесуін жалғастыратын болады.

Қордың стратегиялық инвестициялары, бәрінен бұрын қосылған құнды арттыруға, қазіргі өндірістердің қосылған құн тізбегін дамытуға, инфрақұрылымдарды жаңғыртуға және жаңа секторларды дамытуға бағытталған.

Қор активтерімен өңдеу өнеркәсібі өндірісінің үлесін ұлғайту және қосылған құн тізбектерін дамыту мақсатында Қор мұнай-газ, химия, тау-кен секторларында және машина жасауда қолданыстағы өндірістердің қайта бөлінісінің өсуін қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық инвестициялардың көлемін ұлғайтатын болады.

Қор сондай-ақ оларды құру жаңа бөліністерге және қосылған құнды арттыруға өту үшін талап етілген секторларда жаңа өндірістерді құруды ынталандыратын болады.⁵

Инфрақұрылымды жаңғырту шеңберінде Қор шығынсыз негіздегі инфрақұрылымдық жобаларға қатысатын болады. Инфрақұрылымдық жобалар енгізілетін өндірістердің өнімдерін тасымалдау, географиялық басымдығын есепке ала отырып транзиттік ағынды дамыту және дамушы секторлардың энергиямен қамтамасыз етілуі бойынша қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталатын болады. Осындай жобалар олардың кірістілік (орта және ұзақ мерзімді), іске асырылушылығы мен стратегиялық басымдылығы мәніне мемлекеттік-жеке меншік әріптестік және қаржыландырудың басқада тетіктерін қолдана отырып тәуелсіз бағалау және талдау негізінде іске асырылатын болады.

Қор өсуі мен кірістілігінің жоғары әлеуеті бар жаңа секторларды инвестициялауға ерекше назар аударатын болады. Фармацевтика, логистика және көлік, баламалы энергетика, химия және мұнай-химия, Қор компанияларының сатып алуларындағы қазақстандық қамтудың өсуін

камтамасыз ету үшін өндірісті дамыту жобалары, жеке сектордағы денсаулық сақтау және білім беру бағдарламаларын қоса алғанда, жоғары қосылған құны бар қызметтер, сонымен бірге "Қол жетімді тұрғын-үй" бағдарламасының шеңберінде жеке сектормен серіктестік қағидаты бойынша тұрғын жылжымайтын мүлік осындай секторлардың мысалы болып табылады.

Жаңа секторларға инвестицияларды жүзеге асыру кезінде Қор шағын және орта бизнестің коммерциялық мүдделерін сақтау қағидаттарын басшылыққа алады. Еліміздің дамуында адал бәсекелестіктің шешуші рөлін ескере отырып Қор отандық жеке бизнесті ығыстыруға ұмтылып отырған жоқ және өзінің инвестициялық қызметін бәсекелестік жоқ немесе жеткілікті дамымаған салаларға шоғырландырады.

Бұған қоса Қор бірлескен жобаларға шағын және орта бизнесті инвестициялау арқылы ұлттық компаниялар мен аса ірі кәсіпорындардың төңірегінде жеке бизнестің дамуына жәрдемдесетін болады.

Қойылған міндеттерді іске асыру тиімділігін арттыру үшін Қор өсу және Қазақстан нарығына өнім беру перспективалары бар, сондай-ақ озық ноу-хау иеленген шетел компанияларының үлестерін сатып алуды жоспарлап отыр. Шетелдік осындай активтерді сатып алудың негізгі өлшемдері кірістілік және технологиялар трансфертерінің мүмкіндігі болып табылады.

Қызметті кеңейту және Бірыңғай экономикалық кеңістік пен Кеден одағы шеңберіндегі өткізу нарығының ұлғаюы беріп отырған мүмкіндікті пайдалану мақсатында шетел активтеріне инвестицияларды жүзеге асыру жоспарланып отыр. Осы мақсатпен Қордың Сыртқы нарықтардағы инвестициялары жөніндегі тұжырымдамасы әзірленетін болады.

2. Жеткізілімдерді тиімді басқару және кәсіпкерлік ортаны дамыту

Қор компанияларының орнықты және үзіліссіз жұмысы көп дәрежеде жеткізу тізбегінің тиімді жұмыс істеуіне байланысты болады. Жеткізілімдердің жылдамдығы, олардың сапасы мен сенімділігі Қор компанияларының операциялық тиімділігіне және ақыр аяғында, олардың ұзақ мерзімді құнына тікелей ықпалын тигізеді.

Осыған байланысты Қор күш-жігерін жеткізулерді басқарудың кешенді жүйесін (supply chain management) дамытуға және негізгі жеткізушілердің дамуын ынталандыруға бағыттайды.

Осы мақсатта Қор отандық ұсыныстың Қор компанияларының сұранысын қанағаттандыру бойынша қазіргі сыйымдылығын бағалауды тұрақты түрде жүргізеді және Қор компаниялары қажеттіліктерінің отандық өнім берушілердің мүмкіндіктерімен үйлесімді тоғыстыру үшін тиісті шаралар әзірлейді.

Осындай шаралар жеке кәсіпкерлікті жаңа өндірістер құруға ынталандыруды, отандық кәсіпорындармен Қор компанияларында сұранысқа ие болған өнімді

игеруге келісімдер жасауды, сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттар жасауды, өнім берушілермен және жергілікті реттеуші органдармен өнімнің сапа стандартын әзірлеу және енгізу бойынша бірлескен жұмысты, жаңа кәсіпорындардың кіруі үшін әкімшілік талаптарды төмендетуді қамтуы мүмкін.

Бұл ретте жеткізуші кәсіпорындардың арасындағы бәсекелестік көтермеленетін болады және таңдаулы жеткізушілерді көтермелеу мен бағалаудың әр түрлі әдістері енгізіледі. Сатып алудың ашықтығына ерекше назар аударылады, осыған байланысты 2012 жылдың соңына дейін электронды сатып алу жүйесін енгізу және сатып алуға бақылауды күшейту жопарланып отыр.

Нәтижесінде 2022 жылға қарай Қор компаниялары сатып алатын тауарлардағы жергілікті қамту үлесі 66 % және одан да жоғарыға, ал жұмыстар мен қызметте – 93 %-ға дейін жетеді.

3. Даму институттары арқылы экономиканың дамуын ынталандыру

Даму институттары ұлттық экономиканы жаңғырту мен әртараптандырудың негізгі құралы ретіндегі қызметін одан әрі жалғастырады.

Орта мерзімді кезеңде даму институттарының қызметі экономиканың басым секторында, сондай-ақ шағын және орта бизнес секторында ірі өнеркәсіп және инфрақұрылым кәсіпорындарында экономикалық белсенділікті қолдауға және қалпына келтіруге бағытталатын болады. Бұдан басқа, даму институттары Қор тобына кіретін компаниялардың стратегиялық жобаларын және ҮИИДМБ шеңберінде іске асырылатын инвестициялық жобаларды белсенді қаржыландыруға бағытталатын болады.

Ұзақ мерзімді кезеңде 2022 жылға қарай даму институттары өз күш-жігерін инвестициялық жобаларды кешенді іске асыру, жобаларды дайындау және құрылымдау бойынша функцияларды, бәрінен бұрын мемлекеттік бағдарламалар шеңберіндегі инвестициялық жобалар үшін, күшейту мақсатында, жобалық қаржыландыру және мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласында қолданылатын құралдардың аясын кеңейтуге бағыттайды.

Қойылған міндеттерді іске асырудың қажетті шарты даму институттарын сауықтыру және қызметінің тиімділігін арттыру болып табылады. Осы бағыттағы шаралардың бірі "Қазақстанның даму банкі" АҚ-ның проблемалық жобаларын "Қазақстанның инвестициялық қоры" АҚ-ға, соңғысының активтерді қайта құрылымдау және стресті қоржынды басқару саласындағы кәсіби басқару компаниясы ретінде орнықтыра отырып, беру мүмкіндігін қарастыру болып табылады⁶.

⁵Бұл ретте акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі жаңа заңды тұлғаларды және Қазақстан Республикасы

аумағында өз қызметін жүзеге асыратын олармен үлестес тұлғаларды құру, сондай-ақ экономикалық шоғырландыру жөніндегі мәміле "Бәсекелестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

⁶Даму институттары бойынша барынша жан-жақты ақпарат б-қосымшада келтірілген.

3. Әлеуметтік жауапкершілік

Қоғамның мүдделерін қоса алғанда, барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескермей Қор компанияларының ұзақ мерзімді құнының өсуі мүмкін емес. Қор тобында әлеуметтік жауапкершілік стандартын арттыру шешуші мақсаттардың бірі болып табылады. Қор компаниялары тобы өндіріс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны қорғау саласында үлгілі жұмыс беруші және көшбасшы болуға ұмтылуда.

Әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын арттыру мынадай міндеттерді іске асыру жолымен жүзеге асырылады:

1. Әлеуметтік әріптестік қағидаты негізінде әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу

Еңбек ұжымдарында әлеуметтік микроклиматты жақсарту үшін Қор өзінің күш-жігерін әлеуметтік әріптестік және ұжымдық-шарттық реттеу қағидаттарын нығайту мен дамытуға шоғырландыратын болады.

Компаниялардың бірінші басшылары әлеуметтік-еңбек дауларының алдын алуға және шешуге, еңбек ұжымдарымен кері байланыс деңгейін қамтамасыз ету және арттыру үшін жауапты болады. Компания басшылары үшін алдын алу шаралары, дағдарысты жағдайларда келіссөздер жүргізу техникасын оқып-үйрену іс-шараларына ерекше назар аудару жоспарланған. Компания басшыларын бағалау әлеуметтік орнықтылық рейтингі сияқты қосымша көрсеткіш бойынша да жүргізіледі.

"Әлеуметтік әріптестік орталығы" корпоративтік қоры әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу тәжірибесінің ашық орталығына, стандарттарды енгізудің үйлестірушісіне және әлеуметтік-еңбек әріптестігі тараптары үшін келіссөздер алаңына айналады.

2. Кадрларды даярлау жүйесін қалыптастыру

Қор инновациялық, ғылыми-зерттеу және білім беру блоктарының өзара тығыз байланысын қамтамасыз етіп ғылыми-білім беру кластерін құрайтын болады.

Кадрларды даярлаудың дуальді жүйесі белсенді дамитын болады. Осы мақсатта Қор тобына кіретін компаниялар әртүрлі білім мекемелермен белсене бірлесіп әрекет етеді. Қор кәсіптік оқытуға инвестицияларды барынша тартуға жәрдемдесуді жоспарлап отыр және персоналды даярлау мен дамытудың барлық

жүйесін компаниялардың бәсекеге қабілеттілігін арттыратын инвестициялар ретінде қарайды.

3. Өндірісте экологиялық орнықтылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Қор компаниялардың алдына өндірістік қызметтің халыққа және қоршаған ортаға әсерін барынша азайтуды, қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін өндірістік авариялардың алдын алуды, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қалпына келтіруді міндет етіп қояды.

Энергия тиімділігін арттыру, ресурстарды үнемдеу және энергияның баламалы көздерін пайдалану шешуші қағидаттар болып табылады.

Қор компанияларында мыналарды қамтитын экологиялық менеджменттің жүйесін құру және қолдау ынталандырылатын болады:

а) олардың қызметінің қоршаған ортаға, денсаулыққа және қауіпсіздікке қатысты барабар және уақтылы ақпаратты жинау және бағалау;

б) экологиялық көрсеткіштер мен ресурстарды оңтайлы пайдалануды жақсарту бойынша өлшеуге келетін мақсаттарды белгілеу;

в) қоршаған ортаны, денсаулықты және қауіпсіздікті қорғау бойынша жетістіктер жөніндегі прогресті тұрақты мониторингілеу және тексеру.

2016 жылға қарай Қордың өндірістік және инфрақұрылымдық компаниялары экологиялық аудитті жүргізуі және экологиялық менеджмент саласында халықаралық стандарттарды енгізуді жүзеге асыруы тиіс.

4. Әлеуметтік жобаларды іске асыру саласында бірыңғай саясатты айқындау

Қор қайырымдылық және демеушілік көмек көрсетудің негізгі қағидаттары мен өлшемдерін айқындайтын әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша бірыңғай саясатты әзірлейді, ақша қаражатының қайталануы мен оңтайлы емес пайдалануына жол бермейді, сондай-ақ халық және Қор беделі үшін іске асырылатын жобалардың барынша оң әсеріне қол жеткізуге ұмтылатын болады.

5. Бірыңғай коммуникациялық стратегия құру

Қор қалың бұқара үшін компанияның қызметі туралы ақпараттың ашықтығын, есептілігі мен айқындығын арттыру үшін бірыңғай коммуникациялық стратегияны іске асырады.

Ақпаратқа барынша ашық қол жеткізу және Қор қызметін жан-жақты жариялау компаниялар тобының ортақ миссиясы, құндылықтары мен мақсаттары бар тұтас организм ретіндегі оң бейнесін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

4. Қаржыландыру көздері мен қажеттіліктері

Қор компаниялары тобы қызметінің қор жасауы құнның тұрақты өсуін қамтамасыз ететін мынадай қағидаттарда іске асырылады:

4) қарыз алулар мен жобаларды қаржыландырудың нарықтық қағидаты;

5) үлестік қаржыландырудың жеткіліктілік қағидаты, яғни жобаларға өзінің қатысуы;

6) инвестициялардың ауқымы мен даму қарқынына байланысты емес қаржылық орнықтылық қағидаты.

Мыналар Қор компаниялары тобының қызметін қаржыландыру көздері болып табылады:

- 1) компаниялар жинақтайтын өз қаражаты;
- 2) бюджеттік инвестициялар және қарыз алу;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық қоры Басқару кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан қарыз алу;
- 4) капиталдың ішкі және сыртқы нарықтарында нарықтық қарыз алу;
- 5) компаниялар акцияларын жария орналастырудан түсетін қаражат (IPO/SPO);
- 6) ішкі қаржыландыру.

Қор коммерциялықтың пайдасына бюджеттік қаржыландыру үлесін төмендетуге ұмтылады. Өз мүдделерін компаниялардың дамуын жеткілікті қаржыландыру қажеттілігімен оңтайлы үйлестіру үшін Қор компанияның кемелділік дәрежесіне, олардың қызметінің сипаты мен рентабельділігіне, салалық ерекшелігіне және басқа да факторларға байланысты компаниялардың дивидендтерді есептеу нормативтерін айқындаудың жіктелген тәсілін жүзеге асыратын болады.

Қор компанияларының құнын ұлғайту бойынша өзінің ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес келетін инвестициялардың оңтайлы қоржынын және қор жасау құрылымын Қор айқындайтын болады.

5. Күтілетін нәтижелер

Қор әрбір стратегиялық бағыт шеңберінде қызметтің негізгі көрсеткіштерін пайдалана отырып қойылған мақсаттарға қол жеткізудің тұрақты мониторингін жүргізетін болады.

Көрсеткіш ⁷	2011 ж.	2015 ж.	2022 ж.
1-стратегиялық бағыт: Компаниялардың ұзақ мерзімді құнын арттыру			
1 Таза кірістің өсуі, 2010 г.=100%	120%	140%	250%
2 EBITDA margin (ЕДБсіз)	17,8%	19,9%	27 %
3 Корпоративтік басқару рейтингі ⁸	56,2	75	85
4 Инновациялық даму рейтингі	24,85	100	100
5 Персоналдың тартылу дәрежесі	60%	68%	
6 Кадрлардың жыл сайынғы тұрақтамауы	14% көп емес		
2-стратегиялық бағыт: Ұлттық экономиканы жаңғыртуға және әртараптандыруға қатысу			

7	Қор компанияларының елдің стратегиялық құжаттары шеңберінде белгіленген мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу дәрежесі (5-қосымшаны қара)		ҮИИДМБ шеңберінде белгіленген мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу дәрежесі	Стратегиялық жоспар-2020 шеңберінде белгіленген мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу дәрежесі
8	Өз капиталының рентабельділігі коэффициенті (ROE) (ЕДБсіз)	12,8%	13%-дан төмен емес	14%-дан төмен емес
9	Сатып алынған тауарлардағы жергілікті қамту үлесі	34%	60%	66%-дан кем емес
10	Жұмыстардағы, қызметтердегі жергілікті қамту үлесі	62%	90%	93%-дан кем емес
3-стратегиялық бағыт: Әлеуметтік жауапкершілік				
11	Өндірістегі жазатайым оқиғалардың саны	н/д	0	0

Қазіргі уақытта Қор "Әлеуметтік жауапкершілік" бағыты бойынша, тиісті әдістемелер бекілгеннен және бірінші тексерулер жүргізілгеннен кейін 2012 жылдың соңына дейін қызметтің негізгі көрсеткіштері тізіміне енгізілетін әлеуметтік орнықтылық рейтингі және Қордың беделі – екі қызметтің негізгі көрсеткіштерін әзірлеуде.

⁷Көрсеткіштерді және мақсатты мәндерді есептеу әдістемесі 4-қосымшада келтірілген.

⁸Ірі компаниялардағы орташа мәні

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"
акционерлік қоғамының 2012 - 2022
жылдарға
арналған даму стратегиясына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.

Активтердің ағымдағы құрылымы¹

1. "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ
2. "Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ
3. "Қазақтелеком" АҚ
4. "KEGOC" АҚ
5. "Қазпочта" АҚ
6. "Қазақстан Инжиниринг" ҰК" АҚ
7. "Павлодар әуежайы" АҚ
8. "Ақтөбе халықаралық әуежайы" АҚ
9. "Академик Ш.Ш. Шөкин атындағы энергетика ҚазҒЗИ" АҚ
10. "КОРЭМ" АҚ

11. "Эйр Астана" АҚ
12. "Самұрық-Энерго" АҚ
13. "Самұрық-Қазына Инвест" ЖШС
14. "Самұрық-Қазына Келісімшарт" ЖШС
15. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.
16. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.
17. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.
18. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.
19. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.
20. "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ
21. "БТА Банк" АҚ
22. "Біріккен химия компаниясы" ЖШС
23. "Самұрық-Қазына" жылжымайтын мүлік қоры" АҚ
24. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.
25. "Тау-Кен Самұрық" АҚ
26. "Атырау халықаралық әуежайы" АҚ
27. "Альянс Банк" АҚ
28. "Досжан темір жолы" АҚ (ДТЖ)
29. "Темірбанк" АҚ
30. "Қарағандыгипрошахт және К" ЖШС
31. "Самұрық-Қазына Финанс" ЖШС
32. KGF Management
33. KGF SLP
34. KGF IM
35. "Майқайыңалтын" АҚ
36. "Астана-финанс" АҚ
37. "Екібастұз ГРЭС-1" ЖШС
38. Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.


¹2011 жылғы 31 желтоқсанға

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"
акционерлік қоғамының 2012 - 2022
жылдарға
арналған даму стратегиясына
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.

Компаниялардың жол карталары

"ҚазМұнайГаз" ҰҚ» АҚ



© 2022 «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ. Барлық құқықтар қорғалған.

4. Мұнай өңдеу саласының технологиялық даму және мұнай өңдеу зауыттарын шикізатпен қамтамасыз ету деңгейін арттыру, мұнай өнімдерінің бөлшек нарығын логистикасын оңтайландыру, мұнай-химия бойынша жобалардың іске асырылуын қолдау											
Қазақстандық МӨЗ шикізатын қамтамасыз ету мәселелерін шешу											
Маңғыстау облысында Өтім зауытын пайдалануға беру											
АМӨЗ жаңғыртудың бірінші кезеңін аяқтау және АМӨЗ-де қош істі кәсіпорындер өндіруді бастау											
ҚР-да барлық МӨЗ жаңғырту жобаларын аяқтау											
Мұнай базалары мен АҚС желісін кеңейту және оңтайландыру											
ҚР-да мұнай өңдеу саласын одан әрі дамытудың нұсқаларын дайындау											
МӨЗ қауіпсіздігі мен сенімділігін, қайта өңдеу тереңдігін арттыру, өнімнің жоюы мен сапасын жақсарту, бөлшек желі логистикасын оңтайландыру, өндірістік өнімді құнын оңтайландыру											
Стратегиялық көрсеткіштер											
ЕВТДА шағын, %	>13	>16	>18	>18	>18	>18	>18	>18	>18	>18	>18
ROACE, %	>9	>10	>10	>10	>10	>10	>10	>10	>10	>10	>10
Мұнайдың дәлелденген тартылатын қорлары, млн. тонна	>779	816	1322	1413	1413	1413	1413	1413	1413	1413	1413
ҚМГ қатысу үлесін есепке ала отырып, жобалар бойынша рәсімді өндісу, жылғына млн. тонна	21,9	25,9	31,7	35,4	35,4	35,4	35,4	35,4	35,4	35,4	35,4
Мұнайды қайта өңдеу (Ромпетрольді есепке ала отырып), жылғына млн. тонна	15,9	18,9	21,0	21	21	21	21	21	21	21	21
Мұнайды өңдеу тереңдігі, жылғына млн. тонна (АМӨЗ-ШНОС-ПМХЗ), %	62,98 75,42 70,79	87 90,0 90	87,0 90,0 90,0	87,0 90,0 90,0	87,0 90,0 90,0	87,0 90,0 90,0	87,0 90,0 90,0	87,0 90,0 90,0	87,0 90,0 90,0	87,0 90,0 90,0	87,0 90,0 90,0
Мұнайды құбыр көпірмен тасымалдау (КТК есепке алмай), жылғына млн. тонна	64	58,47	>60	>60	>60	>60	>60	>60	>60	>60	>60
Мұнайды танкерлік флотпен тасымалдау, жылғына млн. тонна	12,2	13	13,0	13	13	13	13	13	13	13	13
Магистралды газ құбырлары бойынша газ тасымалдау, жылғына млрд. текше м	106,5	114,3	120,6	121,1	121,1	121,1	121,1	121,1	121,1	121,1	121,1
Жол бетүзден өндіру бойынша күзет, жылғына мың тонна	166	176	606	606	606	606	606	606	606	606	606
Бензол өндіру, жылғына мың тонна	0	133	133	133	133	133	133	133	133	133	133
Парафинді өндіру, жылғына мың тонна	0	496	496	496	496	496	496	496	496	496	496
Мұнай өндіру бойынша еңбек өнімділігі, тонна/адам	604	715	800	850	850	850	850	850	850	850	850
Мұнайды магистралды құбырлармен тасымалдау бойынша еңбек өнімділігі, мың тонна/адам	6,66	6,08	6,1	6,2	6,2	6,2	6,2	6,2	6,2	6,2	6,2
Мұнайды танкерлік флотпен тасымалдау бойынша еңбек өнімділігі, мың тонна/адам	26	28,89	30	31	31	31	31	31	31	31	31
Магистралды құбырлар бойынша газ тасымалдау бойынша еңбек өнімділігі, млн. текше м/адам	8,84	9,06	10,1	10,3	10,3	10,3	10,3	10,3	10,3	10,3	10,3
Мұнай өңдеу бойынша еңбек өнімділігі, мың тонна/адам	0,99	1,09	1,11	1,19	1,19	1,19	1,19	1,19	1,19	1,19	1,19
Еңбек өнімділігі шоғырландырылған, млн. теңге/адам	31,5	>45	>50	>50	>50	>50	>50	>50	>50	>50	>50
	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022

“Қазақстан темір жолы” ҰК” АҚ

	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
Пайым											
Салтанат маңсағаты мәдени шеберінің өсігінен ықпал ақпараттардың келік қолданыс құру (тағамдарға қызығушылық және инфокоммуникациямен бағу)											
Бизнес жүргізудің тандары өсігінің практикасына сөйкес келесі және Жалпы ақпараттардың талаптарына жауап берген Қ. Қазақстанның тиімділігі жоғары құттық келік қорғанысы											
1. Мемлекеттің Пайымдарға қол жеткізу қарарлары (ҚР-ға келік қолданыс қарарымен дамытумен 2010-2014 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру)											
Базис қарымдарының сөйкестірілуі											
Тарифтерді біріктірілуі											
«Кейбір қажымалық ақпараттарға келік мәселелері бойынша өсігінен мен тиімділікпен өсігі туралы» Базис қарымдары											
Табиғи монополистер субъектілерінің теуежелдерін қабілету мақсатында табиғи монополистер қызметіне тарифтердің шексіз деңгейін бөліну әдісімен және теуежелдерін қабілету											
Тарифтерді қысқарту сөйкестірілуі											
Өндіретін қызметі бар жолдардың тасымалдарын 100% субсидиялау											
Инфрақұрылым қызметтеріне қолданыс қабілетін қабілету және ЕЭП қабілетін шеберінің инфрақұрылым қызметтерін керсету қабілетін қабілету											
Жалпы инфрақұрылым қолданыс қабілетін өсіту және өсіту											
Тарифтер деңгейін жыл сайын арттыру											
2. Компанияның жүк тасымалдары мақсатында қажымалық қызметтерінің сөйкестірілуі бойынша қарарлар											
Қажымалық стандарттар менің де ИСМ өсіту және өсіту											
ДҰР АБК өсіту											
Жүк тасымалдарының жоғары мен нормаланғандарын қабілету және автоматтардың қабілетін өсіту, тасымалдарды басқару және өсірісілік үдерістерді басқару құрылымын сөйкестірілуі (МобРай)											
«ПАРК» стандарты қажымалық автоматтардың қабілетін өсіту											
МП АСДК өсіту											
Пожардың қорғаныс аралық реттеу жүйесін өсіту											
3. Компанияның жолдары тасымалдары саласын жоғарылау менің де қарарлар											
Қажымалық стандарттар менің де ИСМ өсіту және өсіту											
Қолдану өсіп ақырау теуежелдері менің де тандары менің де қарарлар											
Қажымалық қызметтер сөйкестірілу менің де қарарлар өсіту											
«Арғымалы» жолдары тасымалдарының басқарудың автоматтардың қабілетін өсіту											
Жалпы жолдары тасымалдары дамыту бағдарламасын іске асыру											
4. Компанияның жоғары сапалы және рентабельді келік қажымалық ұйымдастыру үшін теуежелдердің магистралды инфрақұрылымды дамыту менің де қарарлар											
«Магистраль» жолдары тасымалдарының басқарудың автоматтардың қабілетін өсіту											
Қажымалық стандарттар менің де ИСМ өсіту және өсіту											
Транзит және тиімділікпен және қажымалық өсіту											
Жалпы ұйымдастыру бағдарламасын іске асыру											

Энергетика инфрақұрылымын жаңғырту											
5. Компанияның негізгі қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қаралдар											
Халықаралық стандарттар негізінде ИСМ әзірлеу және енгізу											
Локомотивтерде ТЭР бақылау және есепке алуды басқарудың автоматтандырылған жүйесін құру және енгізу											
Байланыс арналарын желілік деңгейде қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар өткізу және ВОЛС желілерін енгізу қажеттілігіне қарай Веб-клиент технологиясы арқылы тасымалдау құжаттарын электронды ресімдеуге кең-қазенімен ету											
«Тұлпар-Тальго» жолушылар вагондары өндірісін ұйымдастыру											
Жүк вагондары өндірісін ұйымдастыру											
Тепловоздар өндірісін ұйымдастыру											
Электровоздар өндірісін ұйымдастыру											
Стратегиялық көрсеткіштер											
EBITDA маргіні, % кем емес	29,7			34,6			39,6			39,6	
ROACE, % кем емес	9,51			12,4			14,1			14,7	
ROE, %	10,9			14,9			14,6			14,2	
Еңбек өнімділігі, кірістерден түсетін өнімділік мың теңге/адам	5154			7007			11502			13433	
Еңбек өнімділігі, мың ткм/адамға келтіріл.	2300			2478			2684			2686	
Жаңа теміржол желілерін салу, км*			439			1641					
Теміржолдардың транзитті учаскелері бойынша жүк поездары қозғалысының орташа техникалық жылдамдығы, км/сағ								55			55
	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022

* - тік желілерді салу - "Омск-Түркістан" тасымал желісінің учаскелері, "Жетісу - Қорған", "Ақмола - Шұбаркөл", "Жаңаөзен - Байсау"


“KEGOC” АҚ

	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
Пайым											
«KEGOC» АҚ өнерлік аумағындағы электр энергиясына қатысты қызметтің өсірілуін және өндіріс қабілетін арттыруға қатысты жұмыстардың орындалуына қатысты											
Қол жеткізілген корпоративтік даму деңгейі бойынша сақандар Қазақстанда және ТМД-да қамтамасыз болуын қамтамасыз ету											
1. Жүйелі оператор функцияларын орындау саласындағы таңдаулы компаниялар деңгейіне қол жеткізу											
«Қазақстанның ұлттық электр желісін жетілдіру, П.Көкеев» жобасы											
«АЭС оңалту» жобасы											
ӨО үсілігі деңгейіне жеткізу және АСКУЭ жүйесінің қолданбалы мүдделерін жетілдіру											
Құжаттар резервтері дайындалған және шектес өзгеріс құбылыстарының тегерінделуші электр энергиясын қолдану қабілеттері жаратып салын алу жолымен тегерінделуші электр энергиясын тегерінделуші нарық субъектілерінің қызметіне қатысты қамтамасыз ету											
SCADA желісін жетілдіру											
2. Негізгі бизнесіне қатысты VSC транзитті өлеуінің пайдалану тиімділігін арттыру, Қазақстанның ESC экспорттық өлеуінің іске асыру үшін қажетті жағдайлар құру өсімімен Қол жеткізілген акционерлік құрам тармағы өсуі											
Өндіріс аумағының бардығын жүйелі пайдалануға өсіту											
«Айымақ VSC құрылымы» жобасы											
«Керей» 500 кВ, 220 кВ Қазақстанның VSC желілеріне қосылуы КС 500 кВ Алматы салуы жобасы											
Транзит 500 кВ Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік											
«Батыс ЖЭС құрылымы беру»											
«500 кВ Көкеш-Алматы 500 кВ электр беруінің мемлекетаралық желісін салу» жобасы											
«Транзит 500 кВ Ақтүбә-Бейнеу-Құлсары-Атырау» жобасы											
«Сорта-Атырау және Құлсары-Темі 220 кВ желілерін салу»											
«Торғай ЖЭС құрылымы беру, КС 500 кВ "Жігізқара" желісін салу»											
"Торғай ЖЭС - Жігізқара" ЖЭС 500 кВ салу, "Торғай ЖЭС ОРУ" 500 кВ "Еділ-Сокөл" ЖЭС 500 кВ жіргі											
3. Қазақстанның БЭС аймағы істеу өсіміне қатысты мекендеуін және сақандар қызметіне қатысты өлеу бойынша мемлекеттің талаптарын орындау											
«ЖЭС 220 кВ ЦУП-Осақарыққа қайта жіргілу» жобасы											
«Қазақстанның БЭС-мен Паксарық энергия тармағының байланысын жіргілу» жобасы											
«Нұра-Жезқазған 500 кВ желісін салу»											
«Нұра-Астана ЖЭС 500 кВ КС 500 кВ салу»											
"Атырау-Өске 500 кВ желісін салу"											
Стратегиялық кереметшілер											
ROACE, %	3,7			4,8				3,9		5,9	
EBITDA тағам	23,3			29,0				30,2		36,3	
ЖЭС-220-500 кВ салу және жинақтарын өсіту, км				370,4				609,6			
S AIDI жылдығы мен	65,7			47,9				37,1		33,5	
S AIFI	0,2			0,1				0,1		0,1	
Еңбек өсіміне (млн теңге адам)	13,0			18,2				26,6		34,0	
Еңбек өсіміне (млн кВт*сағ адам)	8,8			9,2				9,8		10,3	
Қызметтің рентабельділігі	10,1			14,1				17,5		23,1	
Рейтинг корпоративтік өсіміне	62,0			75,0				80,0		85,0	
* Ағамары қаралы текті қаржыларды жіргілу бойынша іске асыру	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022

“Саудық-Энерго” АҚ


	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022
ПАЙЫМ											
Қызылорда аймағы энергия жетеріне табысты ақпараттарын және акционерлері үшін қолдайтын және Қазақстанның барлық салаларының ортаңғы дамуын қамтамасыз ететін энергиямен жабдығудың тиімділігі жоғары жұйесін қалыптастыруға бағытталған ірі ұйымдастырылған энергетика компаниясі.											
1. Отын-энергетика көлемін дамыту											
«Екібастұз МАСС-2» АҚ-да жаңа энергия блоктарын салу											
«Екібастұз МАСС-2» АҚ № 1-2 энергия блоктарындағы технологиялық үздіксіздікті қамтамасыздау жұмысын жүргізу											
Жаңа электр сүзгілерін орнатумен «Екібастұз МАСС-1» ЖШС											
1-энергия блогын қалпына келтіру											
Жаңа электр сүзгілерін орнатумен «Екібастұз МАСС-1» ЖШС											
мен 2-энергия блогын қалпына келтіру											
Жаңа электр сүзгілерін орнатумен «Екібастұз МАСС-1» ЖШС											
мен 3-энергия блогын қалпына келтіру											
Қуаты 1320 МВт «Батыс ЖЭС» АҚ-ның 1-модулін салу											
«Богатырь Көмір» ЖШС өндіру технологиясын жаңарту											
2. Су электр станцияларын салу											
Шарын өзенінде қуаты 300 МВт Мойнақ СЭС-ін салуды аяқтау											
Қашағай СЭС қондырғысінің негізінде Қарбұлақ СЭС-ін салу (Алматы обл.)											
“Шұбыр СЭС” АҚ қондырғысінің негізінде Ертіс өзенінде Бұлақ СЭС-ін салу (ШҚО)											
«Шарқара СЭС» АҚ қайта жөндеу (орн. қуатын 16 МВт-қа ұлғайтумен)											
Алматы қаласында СЭС қайта жөндеу (11,5 МВт-қа ұлғайтумен)											
3. Алматы энергия көлемін дамыту											
Бойдырлық ауданында орнатылған Алматы ЖЭС-2 қайта жөндеу											
ПГУ орнатумен және газды ұсынумен Алматы ЖЭС-1 қайта жөндеу											
Алматы ЖЭС-2-де қосымша жылу тіркеу агрегаттарын салу											
			2013 жылға қарай күкірт қышқылының өндірісі жылы 2500 мың тоннадан астам көлемге дейін жеткізіледі	2013 жылы күкірт қышқылын өндіру – 2527 мың тонна.	Жылына 180 мың тонна көлемінде күкірт қышқылын өндіру.
		2015 жылдан бастап базалық мұнай-химия өнімдерінің өндірісін жылына 800 мың тонна полиэтилен және жылына 500 мың тонна полипропилен көлемінде қамтамасыз ету		2015 жылдан бастап базалық мұнай-химия өнімдерінің өндірісін жылына 800 мың тонна полиэтилен және жылына 500 мың тонна полипропилен көлемінде қамтамасыз ету	Полимерлі өнімнің жылына қуаты 1300 мың тонна ықпалдастырылған газ-химия кешенін салу
3	Теміржол саласы/ "ҚТЖ" АҚ	453 км теміржолдар салу.	Республика ішінде және ҚР шекарасынан тыс жерлерде жүктер мен жолаушыларды жеткізуді жылдамдату үшін шамамен 1400 км жаңа теміржолдар желісін салынды	2015 жылға қарай 453 км теміржолдар салу жоспарланып отыр.	2015 жылға қарай ұзындығы 439 км және 2018 жылы 1641 км теміржолдар құрылысын салу жоспарлануда
		2015 жылға қарай жүк қатынасының жылдамдығын 15-20%-ға, ал негізгі халықаралық көлік дәліздері бойынша – 20-30-ға арттыру	2020 жылға қарай теміржолдардың транзитті учаскелері бойынша жүк поездары қозғалысының орташа техникалық жылдамдығы кемінде 55 км/сағ құрайды.		2020 жылға қарай теміржолдардың транзитті учаскелері бойынша жүк поездары қозғалысының орташа техникалық жылдамдығы кемінде 55 км/сағ құрайды.
		2014 жылы электр энергиясын өндіруді 96,8 млрд. кВтсағ болжамды тұтыну кезінде 97,9 млрд. кВтсағ дейін жеткізу.	2020 жылға қарай экономиканың қажеттілігін қанағаттандыратын өз көздерінен энергия өндіру 100%-ды құрайды	2014 жылы электр энергиясын өндіруді 96,8 млрд. кВтсағ болжамды тұтыну кезінде 97,9 млрд. кВтсағ дейін жеткізу.	2014 жылы электр энергиясын өндіруді 29,75 млрд. кВтсағ дейін өсуі. Электр станцияларының белгіленген қуатын ² 2015 жылы до 8 650 МВт-қа, 2020 жылы 15 987 МВт-қа дейін өсуі. Электр энергиясын өндіруді ¹⁹ 2015 жылы

				33,6 млрд. кВтсағ.-қа, 2020 жылы 50,5 млрд. кВтсағ.-қа дейін өсуі.
		2014 жылы көмір өндіру көлемін 123 млн.тоннаға дейін қамтамасыз ету		2014 жылы көмір өндіру көлемін 123 млн.тоннаға дейін қамтамасыз ету.
4	Электр энергиясын өндіру және беру/ "Самұрық-Энерго" АҚ; "KEGOC" АҚ		2015 жылға энергия тұтынудың жалпы көлеміндегі баламалы энергия көздерін пайдалану үлесі 1,5 % астамды, 2020 – 3% астамды құрайды	2014 жылы 41,5 млн. тонна көмір өндіру. 2020 жылы: 43,7 млн. тонна көмір өндіру 2022 жылы: 44 млн. тонна көмір өндіру Энергия тұтынудың жалпы көлеміндегі баламалы энергия көздерін пайдалану үлесі "Самұрық-Энерго" АҚ тобы бойынша 2015 жылы 1,6%-ды құрайды. "Самұрық-Энерго" АҚ тобының электр станцияларында белгіленген қуат бойынша энергия тұтынудың жалпы көлеміндегі баламалы энергия көздерін пайдалану үлесі 2020 жылы 4%-ға дейін құрайды. Энергия тұтынудың жалпы көлеміндегі баламалы энергия көздерін пайдалану үлесі 2020 жылы "Самұрық-Энерго" АҚ тобы бойынша 2%-ды құрайды
			2020 жылға қарай Балқаш ЖЭС салынады және пайдалануға беріледі	2017 жылы Балқаш ЖЭС салынды және пайдалануға берілді.
			2015 жылға қарай Балқаш ЖЭС бірінші кезегін салу аяқталады	2017 жылы Балқаш ЖЭС бірінші кезегінің құрылысы аяқталды. I-модульдің қуаты 1320 МВт.
5	Тау-кен металлургиялық	Жоғарғы технологиялық бәсекеге қабілетті өнім өндіру және экспорттау көлемін 2008	2015 жылға қарай өндіріс және металлургиялық	Жоғарғы технологиялық бәсекеге қабілетті өнім өндіру және экспорттау көлемін 2008 жылдың Марганец өндіру қуаты – 2022 жылы жылына 200 мың тоннаға дейін руда Қорғасын өндіру қуаты – 2022 жылы жылына 1000 мың тоннаға дейін руда

	өнеркәсібі/ "Тау-кен Самұрық" АҚ	жылдың деңгейіне қатысты 2 есеге ұлғайту.	өнімді экспорттау екі есе көбейеді.	деңгейіне қатысты 2 есеге ұлғайту.	Мыс өндіру қуаты – 2022 жылы 10000 мың тонна руда Темір рудасын өндіру қуаты – жылына 3000 мың тоннаға дейін руда
6	Телекоммуникациялық сала/"Қазақтелеком" АҚ			Телефон байланысының тіркелген желілерінің тығыздығы: 2014 жылы – 100 адамға 25,4.	Байланыстың тіркелген желілерін пайдаланушылар тығыздығы: 2015 жылға қарай 100 адамға 25,4 2022 жылға қарай 100 адамға 25,71
		Интернеттің кең жолақты желісі абоненттерінің тығыздығы - 100 адамға 22.	Қазақстан Республикасы үй шаруашылықтары телефон байланыс қызметтерімен және Интернетке кең жолақты қолжетімділікті қамту 100% жетеді .	Интернет желісіне кең жолақты қолжетімділікті пайдаланушылар: 2014 жыл – 100 адамға 22.	Пайдаланушылардың Интернеттің кең жолақты желісінің тығыздығы: 2015 жылы 100 адамға КЖҚ 9,84 порт, 2020 жылы 100 адамға КЖҚ 11,5 порт. 2022 жылы 100 адамға КЖҚ 12,43 порт.
				Байланыстың әмбебап қызметтерімен қамтамасыз етілген ауылдық елді мекендердегі абоненттер саны: 2014 жылы 1 045 730 абонент.	2015 жылдан бастап ауылдық жерлерді телефония қызметтерімен және КЖҚ қамту – 100%
		Ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы - 100 адамға 135.	1000 адам және одан да көп халық саны бар барлық елді мекендерді ұтқыр байланыс қызметтерімен қамтамасыз етілді.	Ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы: 2014 жылы – 100 тұрғынға 135.	Ұтқыр байланыс абоненттерінің саны 2015 жылы 2,5 млн. және 2022 жылы 4,6 млн. құрайды
		3G және 4G ұялы байланыс стандарттарын енгізу			2015 жылға қарай 4G (LTE) желілерді жазу.
7	Атом өнеркәсібі және атом энергетикасы/ "	Қосылған құны жоғары экспортқа бағдарланған, бәсекеге қабілетті өнім алу үшін толық ядролық	2020 жылға қарай ядролық отын циклі бар тігінен ықпалдастырылған		2022 жылға қарай "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ базасында ядролық-отын циклын өндірістік-технологиялық тізбектерге тарту жолымен тігінен ықпалдастырылған

	Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ	отын тізбегі бар тігінен интеграцияланған кешен құру	компания құрылды		компания құрылатын болады: өндіру, конверсия, байыту, отын, атом реакторларының құрылысын салу.
		Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес уран өндіру көлемін ұлғайту.		Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес уран өндіру көлемін ұлғайту.	Елде уран өндіру – 24-26 мың тонна, оның ішінде "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ - 14-16 мың тонна.
		Ядролық отын тізбегінің жаңа өндірістерін құру - қуаты 12 000 мың тонна уранның гексафторидін (UF6) өндіретін конверсиялық зауыт салу.		Ядролық-отын циклының жаңа өндірістерін құру.	Конверсиялық технологиялар саласында , оның ішінде шетелдік активтерге қатысу арқылы және конверсиялық технологиялар трансферті арқылы, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ жылына UF6 6000 тоннаға дейін көлемдегі үлесімен шетелдік әріптестермен-әлемдік көшбасшылармен бірлесіп конверсиялық өндірістік қуаттар құру
		2010 жылмен салыстырғанда халықаралық әуе қатынастары санын екі есеге арттыру және еуропалық авиация стандарттарын енгізу.	Халықаралық әуе қатынастарының саны 2 есеге ұлғайтылды.	Халықаралық әуе қатынастарының санын 2010 жылмен салыстырғанда екі есеге ұлғайту және еуропалық авиациялық стандарттарды енгізу.	Халықаралық әуе қатынастарының санын ұлғайту: 2015 жылы 52 2022 жылы 57
8	Авиа тасымалдар және әуежайлар/"Эйр Астана" АҚ, "Павлодар әуежайы" АҚ, "Ақтөбе халықаралық әуежайы", "Атырау халықаралық әуежайы" АҚ		Еуропалық авиациялық стандарттар толығымен енгізілген.	Әуе тасымалдарының бәсекелі нарығын құру.	ИКАО және ұшу қауіпсіздігі жөніндегі еуропалық агенттіктің (EASA) халықаралық авиациялық стандарттардың талаптарына сәйкес ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
			Еуропалық авиациялық	11 әуежай ИКАО санатына ие.	"Павлодар әуежайы" АҚ-ның, "Ақтөбе халықаралық әуежайы" АҚ-ның, "Атырау халықаралық әуежайы" АҚ-ның ИКАО

			стандарттар толығымен енгізілген.		халықаралық стандарттарына сәйкестігі.
9	Пошталық қызметтер/ "Қазпошта" АҚ	Еркін бәсекелестік жағдайында, сапалы почта және қаржы қызмет көрсетулер ұсыну мақсатында бірінші кезекте, ауылдық почта байланысының бөлімшелерін дамыту және автоматтандыру арқылы ауылдық жерлерде почта-жинақтау жүйесіне жаңғырту жүргізілетін болады.		Пошталық байланыстың 560 ауылдық бөлімшелерін салу және жаңғырту	Пошталық байланыстың, оның ішінде ауылдық жерде автоматтандырылған үлесі – 100%.
10	Машина жасау/ " Қазақстан инжиниринг " ҰК" АҚ	Жалпы қосылған құнның өсімі 74%-ға		Жалпы қосылған құнның өсімін 74%-ға Өндіріс көлемін 588 млрд. теңгеге дейін ұлғайту	2022 жылы: Компания тобы бойынша Арнайы өнімді және қос мақсаттағы өнімдерді сату көлемі – 95,2 млрд. теңге Компания тобы бойынша азаматтық мақсаттағы өндіріс көлемі – 80,2 млрд. теңге Азаматтық мақсаттағы өнімді сату көлемі - 42,5 млрд. теңге, Арнайы өнімді және қос мақсаттағы өнімдерді сату көлемі – 40,05 млрд. теңге, Сервистік қызметтер көлемі (инжиниринг) – 13 млрд. теңге. Увеличение доли экспорта в общем объеме реализованной продукции до 16% по сравнению с 8% в 2011 году.
		Саладағы еңбек өнімділігін жылына 52 мың		Саладағы еңбек өнімділігін жылына бір адамға	Еңбек өнімділігін 13,3 млн. теңге/адамға дейін немесе 2010 жылмен

	АҚШ долларына дейін ұлғайту		7 592 мың теңгеге дейін ұлғайту.	салыстырғанда 4 есе ұлғайту
		Мемлекеттік қорғаныс тапсырысы 80%-ға отандық өндіріспен қамтамасыз етілді		"Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ үлесін Қазақстанның машина жасауының жалпы көлемінде 2010 жылғы 11%-бен салыстырғанда 30%-ға дейін ұлғайту

¹Ромпетрол есепке ала отырып

²Балқаш ЖЭС бойынша деректер енгізілмеген, осыған байланысты, бұл стратегиялық инвесторлардың акциялар пакетінің 75%-ын іске асыру жоспарланып отыр. Ертіс каскад СЭС бойынша деректер осы активтердің концессияда болғандықтан енгізілмеген.

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"
акционерлік қоғамының 2012 - 2022
жылдарға
арналған даму стратегиясына
6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.

Даму институттары арқылы экономиканы ынталандыру

Даму институттары ұлттық экономиканы жаңғырту және әртараптандырудың негізгі құралдары ретінде қызметін жалғастыратын болады.

Орта мерзімді кезеңде даму институттарының қызметі мыналарға:

1. Экономиканың басымды секторларында, сондай-ақ шағын және орта бизнес секторында (бұдан әрі – ШОБ), оның ішінде "Бизнестің жол картасы 2020", "Өнімділік 2020" мемлекеттік бағдарламаларына қатысу жолымен ірі өнеркәсіптік және инфрақұрылымдық кәсіпорындардың экономикалық белсенділігін қолдауға және қалпына келтіруге.

2. Қор тобына кіретін компаниялардың стратегиялық жобаларын және ҮИИДМБ шеңберінде іске асырылатын инвестициялық жобаларды белсенді қаржыландыруға бағытталатын болады.

Ұзақ мерзімді кезеңде, 2022 жылға қарай даму институттары өз күштерін:

1. Инвестициялық жобаларды кешенді іске асыру мақсатында пайдаланылатын құралдар спектрін кеңейтуге.

2. Жобаларды, бәрінен бұрын мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде инвестициялық жобаларды дайындау және құрылымдау жөніндегі функцияларды күшейтуге.

3. Жобалық қаржыландыру және мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті одан әрі дамытуға жұмсайды.

Экономиканы жаңғырту және әртараптандыру мәселелеріне белсенді қатысу мақсатында Қор даму институттарымен бірлесіп мынадай негізгі міндеттерді шешуі қажет:

1. Қолда бар активтер сапасын жақсарту ("ҚДБ" АҚ, "ҚИК" АҚ).

2. Экономиканың басымды салаларында қаржыландыруға арналған жаңа жобаларды белсендірек іздеу және мемлекеттік бағдарламаларды (ҮИИДМБ) іске асыруға белсенді қатысу ("ҚДБ" АҚ, "ҚКМ" АҚ, "ҚЭГ" АҚ);

3. Халықты жұмыспен қамтуды және өңірлік дамытуды ұлғайту жолымен шағын және орта бизнесті дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігін арттыру ("Даму" ҚДҚ" АҚ).

4. Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде даму институттары арасында ең жоғарғы синергияны қамтамасыз ету.

Қор ҮИИДМБ және "Бизнестің жол картасы 2020" қоса алғанда, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруда орта мерзімді кезеңде компаниялар қызметінің негізгі көрсеткіштерін қою және бағалау жолымен даму институттарының қатысу нәтижелілігін ынталандыратын болады.

Даму институттарының қызметі жеке меншік сектор үшін жеткілікті тартымды емес экономиканың салаларында мемлекет саясатын қолдауға бағытталатындықтан, даму институттары Қормен бірлесіп мемлекет тарапынан құқықтық және қаржылық тетіктерді әзірлейтін болады.

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"
акционерлік қоғамының 2012 - 2022
жылдарға
арналған даму стратегиясына
7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 25.05.2013 N 516 қаулысымен.

Бенчмаркинг

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ

"ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ-ның 2022 жылға қарай пайымы – әлемнің аса ірі 30 мұнай-газ компанияларының қатарына енген, өндірістік қызмет қауіпсіздігінің ең жоғары стандарттарына сәйкес келетін, тиімділігі жоғары және бәсекеге қабілетті ықпалдастырылған мұнай-газ компаниясы.

Қазіргі уақытта "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ (бұдан әрі – "ҚМГ" АҚ) әлемнің аса ірі 50 мұнай-газ компанияларының қатарына енеді. Айталық, 2012 жылдың басында мұнайдың алынатын дәлелденген қоры бойынша компания 25-27-орында тұр, мұнай өндіру көлемі бойынша 2011 жылдың қорытындысы бойынша 35-39-орында, мұнай өңдеу көлемі бойынша 2011 жылдың қорытындысы бойынша 40-42-орында, газ қоры және өндіру көлемдерінің көрсеткіштері бойынша – 70-орынан төмен тұр. ROACE, EBITDA margin және еңбек өнімділігі көрсеткіштерін қоса алғанда, экономикалық тиімділік көрсеткіштері бойынша "ҚМГ" АҚ басқа да деңгейлес-ықпалдастырылған компаниялардың тиісті мәндері ауқымының шегінде орналасқан.

Көрсеткіш (2011 ж.)	Өлшем бірлігі	"ҚМГ" АҚ	CNPC	Sinopec	Repsol	OMV	TNK-BP	Газөнеркәсіпмұнай
ROACE	%	12,54	7,48	13,72	6,86	9,02	35,45	19,93
EBITDA margin	%	15,7	8,79	6,90	14,18	12,36	24,47	20,65
Еңбек өнімділігі	Млн. теңге 1/адам	31,5	34,9	154,7	261,9	167,6	192,0	99,8
Мұнай өндіру бойынша еңбек өнімділігі, тонна/адам	Тонна/ адам	602	н/д	н/д	н/д	н/д	3 324	2 810

"ҚМГ" АҚ 2022 жылға қарай мына көрсеткіштер бойынша әлемнің аса ірі отыз мұнай-газ компанияларының қатарына кіру ниеті бар: әлемнің деңгейлес-ықпалдастырылған мұнай-газ компаниялары арасында мұнай қоры – шамамен 16-орын (1400 млн. тоннадан астам); мұнай өндіру көлемі – 29-орын (жылына 35,4 млн. тоннадан кем емес); мұнай өңдеу көлемі – 37-орын (жылына кемінде 21 млн. тонна).

Басқа да деңгейлес-ықпалдастырылған компаниялардың тиісті мәндері ауқымының шегінде экономикалық тиімділік көрсеткіштері бойынша: ROACE – 15%-дан кем емес, EBITDA margin – 18%-дан кем емес, бұл ретте еңбек өнімділігін 50 млн. теңге/адамға және мұнай өндіру бойынша еңбек өнімділігін 850 тонна/адамға дейін ұлғайта отырып.

"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ

"Қазақстан темір жолы" ҰК" АҚ-ның 2022 жылға қарай пайымы – бизнесті жүргізудің таңдаулы әлемдік практикасына сай және жалғыз акционердің талаптарына сәйкес келетін тиімділігі жоғары ұлттық тасымалдау корпорациясы. Бұл ретте "ҚТЖ" ҰК" АҚ экономиканың орнықты дамуының барабар көліктік негізін қамтамасыз етеді және жүктерді, жолаушыларды тасымалдау және магистралды теміржол желісі қызметтерін көрсету бойынша сапалы және бәсекеге қабілетті көліктік-логистикалық қызметтер ұсыну арқылы акционер, тұтынушылар мен қоғам үшін құндылықтар жасайды.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ қызметінің өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін көшбасшы бес теміржол компанияларымен - Union Pacific (АҚШ), Canadian National (Канада), SNCF (Франция), Deutsche Bahn (Германия) және "Ресей темір жолы" ААҚ (Ресей) – салыстырып талдау, кірістері көрсеткіштерінің салыстырмалы түрде төмен болуы (пайда және EBITDA), негізгі құралдардың елеулі тозуы кезінде компания ROE көрсеткіші бойынша бесінші ұстанымда, EBITDA margin көрсеткіші бойынша төртінші орында, бұл ретте тасымалдаудың елеулі аз көлемін орындайтын SNCF және DeutscheBahn озық болып отыр.

Көрсеткіш (2010 ж.)	Өлшем бірлігі	"ҚТЖ" ҰК" Қазақстан	Union Pacific	Canadian National	SNCF	DeutscheBahn	РТЖ
ROE	%	9,1	15,7	18,7	10	7,4	11,5
EBITDA margin	%	28	45	46	10	14	26
Еңбек өнімділігі	мың теңге/адам	4 059	58 154	55 522	2 4833	26 481	6321

Осы фактіге оларда компания жұмыс істейтін реттелетін орта елеулі ықпалын тигізеді, бұл ретте қызметтерді ұсыну салыстырмалы түрдегі төмен операциялық шығындар кезінде жүзеге асырылуда. Алайда бұл персоналдың еңбекақы деңгейіне және инфрақұрылым мен жылжымалы құрамның лимиттелетін техникалық параметрлері есебінен (жылдамдық, сенімділік, жылжымалы құрамды тиімді пайдалану және т.б.) зиян келтіре отырып жасалуда.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ дамуының өршіл пайымына қол жеткізу мақсатында тасымалдау үдерісінің өзегін құрайтын, құрылымында бизнес бірліктер бар деңгейлес ықпалдастырылған тасымалдау холдингі түрінде көзделіп отыр. "ҚТЖ" ҰК" АҚ-ға тиесілі акциялар пакетін және қатысу үлестерін құру, тарату, қосу және сату арқылы қоржын активтерін қайта құрылымдау қорытындылары бойынша тасымалдаушыларға теміржол құрылымына қол жеткізуді ұсыну бойынша, сондай-ақ жүк және жолаушылар тасымалы бойынша қызмет көрсететін жеке еншілес ұйымдар құрылатын болады.

"ҚТЖ" ҰК" АҚ 2022 жылға қарай озық теміржол компанияларына жақындау және 2022 жылы келесі мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу міндетін қойып отыр: ROE – 14,2%, ROACE –14,72% кем емес, EBITDA margin – 39,55% кем емес, еңбек өнімділігі - 13 433 мың теңге/адам.

"KEGOC" АҚ

"KEGOC" АҚ-ның 2022 жылға қарай пайымы – әлемдік деңгейдегі компания және өңірлік ауқымда электр-энергетика саласындағы құзырет орталығы.

"KEGOC" АҚ үшін озық ұқсас компаниялар болып табылатындар ФСК ЕЭС (РФ), RedElйtricadeEspaca (Испания), Western Power (Австралия),Fingrid OYJ (Финляндия), Terna (Италия).

--	--	--	--	--	--	--	--

Көрсеткіш (2011)	Өлшем бірлігі	" KEGOC " АҚ	ФСК ЕЭС (2010)	RedElectricadeEspaca	Western Power Australia	Fingrid	Terna
ROACE	%	5,24	н/д	5,8	н/д	6	н/д
ЕБИТDA Margin	%	29,7	61,5	21,3	н/д	30	75,2
Еңбек өнімділігі	мың теңге / адам	12053	29470	175493	54667	318128	112133
Еңбек өнімділігі	млн. кВтс/ адам	9,1	20	146,9	5,14	241,3	100,61
Жүйенің жұмысындағы бұзылудың орташа ұзақтығы (SAIDI)	жылына минут	65,7	н/д	101	217	286	65
Жүйенің жұмысындағы бұзылудың орташа жиілігі (SAIFI)	жылына бұзылу	0,2	н/д	1,9	2	6	2,8

Көрсетілген компаниялардың арасында "KEGOC" АҚ еңбек өнімділігі көрсеткіштері бойынша компаниялардың көпшілігінде пайдалану және жөндеу қызметі жөніндегі қызметтер аутосорсингке шығарылуы себепті ең соңғы орында қалып отыр.

Өндірістік көрсеткіштер, электр энергиясын жеткізу сенімділігі және диспетчерлендіру бойынша (SAIDI, SAIFI) "KEGOC" АҚ әлемнің таңдаулы электр желілік компанияларымен лайықты бәсекелесе алады. Сонымен бір мезгілде активтердің қатты тозуын және компаниялардың ауқымды инвестицияларын ескере отырып "KEGOC" АҚ салыстырылатын компаниялардың арасында соңғы орындарда қалып отыр. Жүйелі бенчмаркингті қамтамасыз ету үшін 2013-2014 жылдарға "KEGOC" АҚ-ның әлемнің 30-дан астам электр желісі компанияларын біріктіретін ITOMS консорциумына кіруі жоспарланып отыр.

"KEGOC" АҚ халықаралық ұқсас-компанияларға жақындай түсу және 2022 жылы мынадай мақсатты міндеттерге қол жеткізу міндетін қойып отыр:

ROACE көрсеткіші бойынша – 5,9%, ЕБИТDA margin– 36,26%, еңбек өнімділігі – 34 024 мың теңге/адам және 10,318 млн. кВтс/адам, SAIDI – жылына 33,5 минут, SAIFI – жылына 0,1 бұзушылық.

"Самұрық-Энерго" АҚ

"Самұрық-Энерго" АҚ-ның 2022 жылғы пайымы – ірі әртараптандырылған энергетикалық холдинг, халықаралық энергия теңгеріміне табысты кіріктірілген, өз акционерлері үшін құн жасайтын және Қазақстанның барлық салаларының

орнықты дамуын қамтамасыз ететін энергиямен жабдықтаудың тиімділігі жоғары жүйесін қалыптастыруға бағытталған аса ірі әртараптандырылған энергетикалық холдинг.

"Самұрық-Энерго" АҚ мен бірқатар ұқсас сипаттамалары бар, ұлттық компаниялар және электр энергиясын өндіру мен беру саласында әлемдік көшбасшылар болып табылатын - КЕРСО (Оңтүстік Корея), Vattenfall (Швеция), CEZ Group (Чехия), TransAltaCorporation (Канада), PGE (Польша), ОГК-3 (Ресей) және ДТЭК (Украина) электр энергетикасы секторының шетелдік озық компаниялары болып табылады.

Көрсеткіш (2010 ж.)	Өлшем бірлігі	"С-Э" АҚ	КЕРСО	Vattenfall	CEZ Group	TransAlta	PGE	ДТЭК	ОГК-3
ROACE	%	8,9	2,28	6,87	15,45	2,72	8,95	24,89	1,74
EBITDA margin	%	21,2	28,42	44,8	34,23	33,38	25,28	4,54	н/д
Электр энергиясын өндіру бойынша еңбек өнімділігі	МВт*с бір қызметкерге	2 062	2 200	9 876	2 097	29 463	1 657	834	5 850
Көмір өндіру бойынша еңбек өнімділігі	Б і р қызметкерге тонна	5 709	-	5 384	4 327	25 289	4 006	828	293
1 кВт*с электр энергиясын өндіруге жұмсалатын шартты отын шығыны	грамм/ 1 кВт *с	366	291	310	340	246	367	390	303

Көрсетілген сегіз компанияның ішінде "Самұрық-Энерго" АҚ көмір өндіру жөніндегі еңбек өнімділігі көрсеткіштері бойынша бойынша 2010 жылдың қорытындысы бойынша Vattenfall, TransAlta және ОГК-3 сияқты көшбасшыларды басып озып екінші орынға шықты (компанияның ауқымын ескергенде осы көрсеткіш әсерлі болып табылады). Электр энергиясын өндіру жөніндегі еңбек өнімділігі көрсеткіштері бойынша компания бойынша ДТЭК және PGE басып озып, алтыншы орынға шықты.

Жүргізілген талдауға сүйене отырып "Самрук-Энерго" АҚ өзінің алдына өндірістік, қаржы-экономикалық, индустриалды-инновациялық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша әлемдік көшбасшылар тобына кіру және 2022 жылы мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатын қойып отыр: ROACE - 13,97%, EBITDA margin – 21%, электр энергиясын өндіру бойынша еңбек өнімділігі – бір қызметкерге 4696 млн. кВт.с., көмір өндіру бойынша еңбек өнімділігі – 6240 тонна/адам (2020 ж.), 1 кВт/с электр энергиясын өндіруге жұмсалған шартты отын – 355 грамм/1 кВт*с.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-ның 2022 жылға қарай пайымы – АЭС құрылысын қоса алғанда, ядролық-отын циклының барлық сатыларына, әлемдік атом энергетикасының негізгі сегменттеріне қатысатын трансұлттық

эртараптандырылған компания инновациялық технологияларды енгізу саласындағы көшбасшы, тұтынушыға бағдарланған әлеуметтік жауапкершілігі бар компания.

Табиғи уран өндірудің әлемдік нарығында "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ көшбасшы орында тұр. Қазіргі сәтте Қазақстан әлемде табиғи уранға қажеттіліктің шамамен 25%-ын және оны өндірудің шамамен 35%-ын қамтамасыз етеді. Әлемнің жетекші трансұлттық энергия компанияларымен салыстырмалы талдау (француздың AREVA, канаданың Cameco) қаржылық тиімділік және өнімділік көрсеткіштерінің қатыстық салыстыруға келетіндігін көрсетеді.

Көрсеткіш (2010 ж.)	Өлшем бірлігі	"Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ	CAMECO Канада		AREVA		
			Холдинг	Uranium	Холдинг	Front End	Mining
Уран бойынша еңбек өнімділігі							
Таза кіріс/ қызметкерлер саны	Млн.теңге / адам	7,8	13,1	9,9	3,6	5,5	4,2
Өндіру көлемі/ қызметкерлер саны	тU/адам	1,37	1,511	1,594	0,174	0,595	1,598
Уран өндіру көлемі	тU	9 959	8 773	8 773	8 341	8 341	8 341
Таза кіріс нормасы	%	26	24	27	9	11	10

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ елдің және Компанияның табиғи уран нарығында стратегиялық перспективада көшбасшылық орнын сақтап қалуды және 2022 жылға қарай елде 24-26 мың тонна уран өндіру көлеміне (әлемдік өндірістің шамамен 42%-ы), оның ішінде, "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ-да – 14-16 мың тонна көлеміне (әлемдік өндірістің шамамен 22%-ы) жетуді жоспарлап отыр. Тиімділік және еңбек өнімділігі көрсеткіштері бойынша "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ таза кірісті 82,8 млрд. теңгеден 2022 жылы 269 млрд. теңге дейін, EBITDA margin көрсеткішін 37%-дан 47%-ға дейін ұлғайту, еңбек өнімділігін 1 қызметкерге 1,3 тоннадан 1,6 тоннаға дейін және 2012 жылы бір қызметкерге 17 млн. теңгеден 32 млн. теңгеге дейін арттыру міндетін қойып отыр.

Бұдан басқа "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ ядролық-отын циклының барлық қайта бөлінісіне қатысуды жоспарлап отыр, бұл технологияларды трансфертеу, шетел активтеріне кіру және ядролық отын циклының шетелдік нарықтарына қол жеткізу есебінен әлемдік көшбасшылармен ынтымақтастық негізінде жүзеге асырылатын болады. Осы мақсатты іске асыру кезінде "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ" АҚ Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделін қорғау, шетелдік стратегиялық

әріптестермен қатынастарды дамытуда көпвекторлы саясат жүргізу, сондай-ақ бірлескен жобаларды іске асыру кезінде экономикалық орындылығы мен тепе-теңдік қағидаттарына сүйенетін болады.

"Қазақстан Инжиниринг" ҰК" АҚ

"Қазақстан Инжиниринг" ҰК" АҚ-ның 2022 жылға қарай пайымы – қорғаныс-өнеркәсіп кешенін қоса алғанда, экономиканың барлық салалары үшін машина жасау өнімін өндіретін, бірқатар өнеркәсіп кәсіпорындарын біріктіретін тиімді машина жасау холдингі, Қазақстанның инжиниринг қызметі нарығының көшбасшысы, сондай-ақ жоғары технологиялар саласындағы құзіреттілік орталығы және өз мамандануы салаларындағы жалпыға танылған сарапшы.

"Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ-мен бірқатар ұқсас сипаттамалары бар машина жасау саласындағы шетелдік озық компаниялар болып табылатындар Finmeccanica Group (Италия), SAFRAN (Франция), "ОПК "Оборонпром" ААҚ (Ресей).

Салыстырмалы талдау көрсетіп отырғанындай, "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ-ның негізгі көрсеткіштері батыстың ұқсас компанияларының көрсеткіштерінен елеулі төмен.

Көрсеткіш (2010 ж.)	Өлшем бірлігі	"Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ	FinmeccanicaGroup (Италия)	"SAFRAN" (Франция)	"Оборонпром" ОПК" ААҚ (Ресей)
ROE	%	3,1	8,2	5,1	11,5
ЕБИТDA margin	%	9,6	8,5	2,6	22,8
Еңбек өнімділігі	млн. теңге / адам	3,6	48,6	61,8	3,2

"Қазақстан Инжиниринг" ҰК" АҚ өзіне озық халықаралық компанияларға жақындау және 2022 жылға қарай мынадай мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу міндетін қойып отыр: ROACE –19%-дан кем емес, ЕБИТDA margin –12%-дан кем емес, еңбек өнімділігі – 13,3 млн. теңге/адам немесе 2010 жылмен салыстырғанда 4 есе.

Еңбек өнімділігін арттыру мақсатында "Қазақстан инжиниринг" ҰК" АҚ жұмыс істеп тұрған өндірістік қуаттардың 50%-дан астамына жаңғырту жүргізуді, сондай-ақ технологиялар трансфертімен озық халықаралық компаниялармен бірлесіп жаңа 8 өндіріс құруды жоспарлап отыр.

"Қазақтелеком" АҚ

"Қазақтелеком" АҚ ның 2022 жылға қарай пайымы - өз акционерлері үшін құн жасайтын және ұлттық экономиканы әртараптандыру мен жаңғыртуға жәрдемдесетін ақпараттық коммуникацияның тиімділігі жоғары жүйесін қалыптастыруға бағытталған ірі өңірлік ықпалдастырылған оператор.

"Қазақтелеком" АҚ-мен ұқсас бірқатар сипаттамалары бар шет елдің озық телекоммуникация секторының компаниялары болып табылатындар BritishTelecom, FranceTelecom, BellCanada, Telstra, DeutscheTelecom, Ростелеком және Сибирьтелеком². Өнімділік пен рентабелділіктің басым көрсеткіштері бойынша "Қазақтелеком" АҚ өз қызметін халықтың тығыздығы аз елде жүзеге асыратын, оператордың шығыстарының басы бабы ретінде амортизацияның ықпалын жоққа шығаратын EBITDA margin көрсеткіші бойынша ғана салыстыруға болатын орынға жайғасып, озық компаниялардан елеулі артта қалып отыр.

Көрсеткіш (2010 ж.)	Өлшем бірлігі	"Қазақтелеком" АҚ	BritishTelecom	DeutscheTelecom	FranceTelecom	Telstra	BellCanada	Ростелеком
ROIC	%	4,79	24,25	4,11	10,22	14,34	12,04	11
EBITDA margin	%	36,43	29,32	26,79	33,60	40,46	39,76	36
Еңбек өнімділігі	Мың теңге/адам	5010	49509	52456	57171	80747	53193	72
Тіркелген байланыс желісі бойынша еңбек өнімділігі	Тірк. желі/қызметкерлер	127,4	181,1	142,9	267,3	191,5	185,0	15
ШПД порттары бойынша еңбек өнімділігі	ШПД порттары/қызметкерлер	25,7	243,8	65,1	81,2	94,2	58,8	34
Телефон байланысының тіркелген желісінің тығыздығы	Тірк. желі/100 адам	23,47	29,92	43,81	70,18	40,67	27,56	20
Тіркелген ШПД абоненттерінің тығыздығы	ШПД порттары /100 адам	4,73	40,27	19,96	21,32	20,00	8,76	4,

Дереккөз: Bloomberg деректер базасы

Осыған байланысты "Қазақтелеком" АҚ өзіне озық халықаралық операторларға жақындау және 2022 жылы мынадай мақсатты мәндерге қол жеткізу міндетін қойып отыр: ROACE –9,8%³ кем емес, EBITDA margin –37,2%-дан кем емес, 1 адамға еңбек өнімділігі 9000 мың теңге, еңбек өнімділігі - 1 қызметкерге тіркелген байланыс желілері бойынша 155,5, ШПД порттары бойынша еңбек өнімділігі – 1 қызметкерге 74, телефон байланысының тіркелген

желісінің тығыздығы –100 адамға 25,71 желі, ШПД тіркелген абоненттерінің тығыздығы – 100 адамға 12,43 желі.

"Қазпошта" АҚ

"Қазпошта" АҚ-ның 2022 жылға қарай пайымы – Ел экономикасының мәнді элементі болып табылатын, өзінің жоғары сапалы қызметін клиенттердің қажеттіліктеріне сәйкес таңдаулы әлемдік стандарттар негізінде және Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму саясатының негізгі бағыттарына сәйкес ұсынатын ел ішіндегі де, сондай-ақ әлемдік пошта индустриясындағы да нарықтық ортаның өзгерістеріне жылдам ден қоятын инновациялық бағдарланған бизнес-құрылым.

Бұл ретте "Қазпошта" АҚ Deutsche Post, Australia Post, Canada Post және Почта России сияқты жетекші әлемдік пошта әкімшіліктерінің өнімділік және қаржылық тиімділік деңгейлеріне шығуға ұмтылуда. 2010 жылдың деректері бойынша "Қазпошта" АҚ "1 қызметкердің табысы" көрсеткіші бойынша Australia Post 70 есе кейін қалды, Deutsche Post 18,8 есе, Canada Post 12 есе және Почты России 1,2 есе кейін қалды, бұл олардың қатарында нарықтардың ауқымы мен технологиялық дамудағы айырмашылықтар бар бірқатар объективті факторларға байланысты болып отыр. ROACE көрсеткіші бойынша "Қазпошта" АҚ Australia Post алдына ғана шығып қарастырылып отырған компаниялар арасында 4-орынды алады. Сонымен бір мезгілде EBITDA margin көрсеткіші бойынша "Қазпошта" АҚ жеткілікті салыстырылымды көрінеді және тіпті салыстырылған операторлардың көпшілігінен алда болды. Ел ішінде мерзімдер шеңберінде жеткізілген жазба хат-хабарлар үлесі көрсеткіші бойынша 2010 жылдың қорытындылары бойынша "Қазпошта" АҚ шетелдік ұқсас компанияларға қарағанда барынша жоғары нәтижелер көрсетті.

Көрсеткіш (2010 ж.)	Өлшем бірлігі	"Қазпошта" АҚ	Deutsche Post	Ресей поштасы	AustraliaPost	CanadaPost
ROACE	%	6,5	22,5	9,3	4,6	17,6
EBITDA margin	%	10,5	5,9	-5,6	13,7	11,6
1 қызметкерге кірістер	мың теңге/адам	1238	23281	1577	86494	15324
Ел ішінде мерзімдер шеңберінде жеткізілген жазба хат-хабарлар үлесі	%	99,7	94	90	96	95,7
Ел ішінде мерзімдер шеңберінде жеткізілген сәлемдемелер үлесі	%	98,6	90	Деректер жоқ	96,3	Деректер жоқ

Осыған байланысты "Қазпошта" АҚ өзіне жетекші халықаралық операторларға жақындау және 2022 жылы мынадай мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу міндетін қойып отыр: ROACE көрсеткіші – 15,82%, EBITDA margin

көрсеткіші - 13,21%, бір қызметкерге табыстың ұлғаюы – 3,3 есе 4097 мың теңге/адам, ел ішінде мерзімдер шеңберінде жеткізілген жазба хат-хабарлар үлесі бойынша сапалық көрсеткішті 2012 жылдың деңгейінде сақтау.

Сапаны арттыруға бағытталған саясат шеңберінде 2013 жылы екі көрсеткіш әзірленетін болады - "Қазпошта" АҚ көрсететін қызметтерге тұтынушылардың қанағаттану дәрежесін көрсететін көрсеткіш және (клиенттерге қызмет көрсету, өндіріс объектілерінің жұмысы, қызметтерді қолжетімділік деңгейі) және пошта жөнелтілімдерінің сақталуын және Қазақстан Республикасы бойынша оларды зақымсыз жеткізуді қамтамасыз ету көрсеткіші.

Бұдан басқа "Қазпошта" АҚ 2022 жылы Қазақстанда жылдам экспресс және курьерлік жеткізулер бойынша нарықтық ұстанымын 18-ден 30%-ға дейін, сәлемдеме пошта бойынша 75-тен 83%-ға дейін, жарнамалық материалдарды жеткізу бойынша 15-тен 40%-ға дейін және "Аудан орталығы" және "Ауыл" сегментінде қаржы қызметі бойынша 62-ден 75%-ға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр.

"Эйр Астана" АҚ

"Эйр Астана" АҚ-ның 2022 жылға қарай пайымы – клиенттердің күтіп отырғанына, компанияның мүдделері мен Қазақстан Республикасының қажеттіліктеріне сай келетін, қауіпсіздік пен сервистің ең жоғары стандарттарына сай ішкі және халықаралық бағыттар бойынша қызмет көрсететін өңірдегі көшбасшы компания.

Әлеуметтік ерекшеліктерін және географиялық жақындығын ескере отырып салыстырмалы талдау үшін келесі компаниялар айқындалды - Трансаэро (Ресей), Аэрофлот (Ресей) және Turkish Airlines (Түркия). Көрсетілген авиакомпаниялар арасында "Эйр Астана" АҚ экономикалық тиімділік көрсеткіштері бойынша жетекші орындардың бірінде тұр, бұл бизнесті жүргізу саясатының тиімді екендігін көрсетеді. Еңбек өнімділігі көрсеткіші "Эйр Астана" АҚ-ның белгілі бір ішкі және өңірлік бағыттарда жолаушылар ағынының жоғары болмауына байланысты сыйымдылығы аз әуе кемелерін пайдалану себепті басқа компаниялардың көрсеткіштерінен кейін қалып отыр. Сондай-ақ, салыстырылып отырған компаниялардағы елдер халқының тығыздығының жоғары болуын, дамыған бағыттық желілерін және мемлекеттік деңгейдегі қолдауды ескеру қажет.

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	"Эйр Астана" АҚ 2012	Трансаэро 2010	Turkish Airlines 2010	Аэрофлот 2010
ROACE	%	16,5	8,13	4,96	8,34
EBITDA margin	%	8	4,4	9,3	15,7
Еңбек өнімділігі: шекті жолаушы -км айына 1 қызметкерге (000)	ППКМ/адам	218	371	382	285

2011 жылы тамызда Airline Business халықаралық басылымы 2010 жылдың қорытындысы бойынша әлемнің 150 әуе компаниясы арасында Эйр Астана осы рейтингте 15-орында тұр.

"Эйр Астана" АҚ өңірлік көшбасшыларға жақындау және 2022 жылы өнімділік және қаржылық тиімділік бойынша мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу міндетін қойып отыр: ROACE – 16,6%; EBITDA margin – 12,2%; еңбек өнімділігі – қызметкерге 310 ППКМ.

"Біріккен химия компаниясы" ЖШС

"Біріккен химия компаниясы" ЖШС-тің 2022 жылға қарай пайымы – сату көлемі бойынша отандық аса ірі шикізат емес өнеркәсіп компанияларының 5-тігіне кіретін Қазақстанның мұнай саласының көшбасшысы.

Start-up компания болып табылатын "Біріккен химия компаниясы" ЖШС (бұдан әрі – "БХК" ЖШС) дамуының инвестициялық сатысында тұр және өзінің дамуында мұнай-химия сегментінде Saudi Basic Industries Corporation (Сауд Арабиясы) және Сибур холдинг (Ресей) сияқты химия компаниялардың, минералдық тыңайтқыштар сегментінде - Еурохим (Ресей) тәжірибесін пайдалану ниеті бар. "БХК" ЖШС үшін даму моделі бойынша ұқсас компанияның барынша табысты start-up, еңбек өнімділігі және EBITDA margin көрсеткіштері бойынша бенчмарк қызметін атқара алатын Saudi Basic Industries Corporation компаниясы болып табылады. Сатудың күтілетін көлемі бойынша салыстырмалы көрсеткішке Ресей химия өнеркәсібінің көшбасшылары – "Сибур холдинг" және "Еврохим" ие болып отыр, ал Қазақстан өнеркәсібінің шикізат емес секторындағы сату бойынша көшбасшылар – Eurasian Natural Resources Corporation, Корпорация Kazakhmys Plc, "Арселор Миталл Теміртау" АҚ, "Қазмырыш" ЖШС және "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ.

Көрсеткіш (2010 ж.)	Өлшем бірлігі	SABIC	СибурХолдинг	Еврохим	ENRC	Kazakhmys	Қазатомөнеркәсіп
EBITDA margin	%	30,7	23	30,4	48,4	43,31	40
Еңбек өнімділігі	млн. теңге/адам	150,6	16,1	24,7	15,03	7,8	12,1
Сату көлемі	млрд. теңге.	4966	869	486,2	972,5	471,5	235,7

"БХК" ЖШС-тің қазақстан өнеркәсібінің көшбасшысы және 2022 жылы мынадай мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуге ұмтылуда: EBITDA margin – 35%, еңбек өнімділігі – 150 млн. теңге/адам, "БХК" ЖШС ЕТҰ өндірісінің жалпы көлемі - 464 млрд. теңге.

"Тау-кен Самұрық" АҚ

"Тау-кен Самұрық" АҚ -ның 2022 жылға қарай пайымы – Қазақстанда қатты пайдалы қазбаларды (ҚПК) барлау, өндіру, өңдеу жөніндегі тиімді деңгейлес ықпалдастырылған тау-кен металлургия компаниясы.

"Тау-кен Самұрық" АҚ компанияны қысқа мерзімді перспективада ішкі нарықта және ұзақ мерзімді перспективада сырқы нарықта бәсекелес деңгейге шығару мақсатында басым ҚПҚ шикізат базасын тиімді игеру, өндіріс активтерін ықпалдастыру, осы заманғы технологияларды қолдану есебінен құнның өсу стратегиясын жүзеге асыратын болады.

"Тау-кен Самұрық" АҚ инвестиция қарсаңындағы даму сатысында тұр және өзінің дамуында Corporation National Del Cobre De Chile (Codelco) чили ұлттық компаниясы сияқты ірі халықаралық компаниялардың, сондай-ақ Kazakhmys plc және Eurasian Natural Resources Corporation және т.б. Қазақстан компанияларының тәжірибесін пайдалану ниеті бар.

Көрсеткіш (2010 ж.)	Өлшем бірлігі	Codelco	ENRC	Kazakhmys
ЕБИТДА margin	%	46,3	45,09	43,31
Еңбек өнімділігі	Мың теңге/адам	205847	13128	7824
Мыс өндіру бойынша еңбек өнімділігі	тонна/адам	41	-	6

"Тау-кен Самұрық" АҚ ірі халықаралық және қазақстандық компанияларға жақындау және 2022 жылы мынадай нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатын қойып отыр: ЕБИТДА margin – 25%-дан кем емес, еңбек өнімділігі – 7500 мың теңге/адамнан кем емес, мыс өндіру еңбек өнімділігі – 6 тонна/адамнан кем емес.

¹Осы арада және бұдан әрі еңбек өнімділігі бойынша деректер ҚР Ұлттық банкінің деректері бойынша бір АҚШ доллары үшін - 147,35 теңге 2010 жылғы орташа бағам бойынша қайта есептелген.

²Көрсетілген компаниялар басым дәрежеде байланыстың ықпалдастырылған операторлары ретінде көрінетін және өз қызметін бірнеше құрылықтардың нарықтарында және нарықтың әр түрлі сегменттерінде жүзеге асыратын ұлттық операторлар болып табылады.

³ROACE көрсеткішінің төмендеуі "GSM-Kazakhstan" ЖШС-тегі үлесті сатуға байланысты болып отыр. Бұл ретте, 2015 және 2022 жылдарға арналған ұсынылған көрсеткіштердің мәнін мақсатты ретінде тек қана уәкілетті LTE/GSM желілері құрылысының инвестициялық жобасын іске асыру туралы шешім қабылдаған жағдайда ғана қарастыруға болады

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"
акционерлік қоғамының 2012 - 2022
жылдарға
арналған даму стратегиясына
8-қосымша

Қаржыландырудың көздері және қажеттіліктері

Қор өзінің алдына компаниялар тобының инвестициялық бағдарламасын өз қаражатын, республикалық бюджеттің және Ұлттық Қордың Басқару Кеңесінің шешімі бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының¹ қаражатын, капитал нарықтарындағы қаржылық қарыз алуларды, компаниялар акцияларын жария орналастырудан қаражатты, топтық ішкі қаржыландаруды қоса алғанда, оған қорландырудың қол жетімді барлық көздерін пайдалану есебінен қаржыландырумен қамтамасыз ету міндетін қойып отыр.

Қаржыландыру көздері

Қор компанияларының қаржыландырудың үлестік және борыштық құралдарының кең ауқымы ұсынылған қорландырудың әртараптандырылған базасы бар.

2011 жылғы қорытындылар бойынша шоғырландырылған деректер

Көзі	млрд. теңге	үлесі %-бен
Өз қаражаты	6 129	50%
Республикалық бюджеттен инвестициялар және қарыз берулер	840	7%
ҚР Ұлттық қорының қаражаты, Ұлттық Қордың Басқару Кеңесінің шешімі бойынша	1 457	12%
Капиталдың ішкі және сыртқы нарығындағы нарықтық қарыз берулер	3 895	32%

Қор компанияларының өз қаражаты негізінен дивидендтік түсімдерден/ бөлінбеген пайдадан және компаниялардың қаржылық/қаржылық емес кірістері есебінен қалыптастырылады. Осы бап Қор тобын қорландыру құрылымында басым болып отыр, бұл компаниялар бизнесінің өсуі үшін пайданы қайта инвестициялаудың жалпы дивидендтік саясатына сәйкес келеді.

Қор компанияларының мемлекет мүддесі үшін іске асыратын жобалары көбінесе әлеуметтік сипатта болады және тиісінше, Қор компанияларының салынған капиталға қайтарым бойынша ең төменгі талаптарын орындамайды. Сондықтан компаниялар әлеуметтік жобаларды іске асыру кезінде, әдетте, республикалық бюджеттен және ҚР Ұлттық қорынан қаржыландыру алады.

2007 жылдан 2011 жылдар кезеңінде Қор компаниялары жалпы сомасы 840 млрд. теңге, оның ішінде 747,3 млрд. теңге жарғылық капиталға, 92,7 млрд. теңге бюджет кредиттері ретінде, республикалық бюджет қаражатын тартты.

Қор Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасын іске асыру шеңберінде, сондай-ақ стратегиялық активтерді сатып алуды қаржыландыруға Қор 1 457,4 млрд. теңге мөлшерінде, оның ішінде, 607,5 млрд. теңге жарғылық капиталға, 849,9 млрд. теңге облигациялық қарыздар түрінде ҚР Ұлттық қорының қаражатын тартты. ҚР Ұлттық қорынан қорландырудың ұзақ мерзімі мен құнының төмендігі Қор компанияларына 2022 жылға дейін инвестициялық қажеттіліктің мәнді бөлігін өтеуге мүмкіндік береді. 2013 және 2015 жылдары "

ҚазМұнайГаз" АҚ қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін ҚР Ұлттық қорынан шамамен 594,8 млрд. теңге қосымша тартылатын болады.

ҚР Ұлттық қорынан бюджеттік инвестициялар мен қарыздардың үлесінің жоғары болуы (19%) бірінші кезекте, Үкіметтің дағдарысқа қарсы бағдарламасы шеңберінде елеулі құюлармен, сондай-ақ Қор компанияларының ауқымды мемлекеттік инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруымен байланысты болып отыр.

Капиталды қажетсінетін инвестициялық бағдарламаны қолдау және Қор компанияларының кредиттік қоржынын кеңейту үшін ішкі нарық сыйымдылығының жеткіліксіздігіне және барынша пайдалы жағдайларға байланысты борыштық капиталдың халықаралық нарықтарға шығуын жүзеге асырады. Қор компаниялары қарыз алу құралы ретінде еурооблигацияларды және екіжақты қарыздарды басым түрде пайдаланады. 2012 жылы еурооблигациялардың негізгі эмитенттері "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ номиналды шығарылым мөлшері 1078 млрд. теңге, "Қазақстанның ДамуБанкі" АҚ (161 млрд . теңге), "НК "ҚТЖ" ҰК" АҚ (156 млрд. теңге) және "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ (74 млрд. теңге) болды. Қор компаниялары ҚХР қаржы институттарынан 1993 млрд. теңге² екіжақты кредиттік желілерді тартты.

Валюталық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында Қоркомпаниялары ішкі қор нарығында да тартуларды жүзеге асырады. Мысалы, 2010-2011 жылдары Қор "ҚТЖ" ҰК" АҚ еншілес компанияларының инвестициялық қажеттіліктеріне инвесторлардың шектелмеген ортасы арасында облигацияларды орналастыру жолымен 150 млрд. теңге тартты.

Қаржыландырудың баламалы көзі ретінде 2012 жылдан бастап, Қордың кейбір компанияларының акциялар пакеттерін қор биржасында сату бойынша орта мерзімді бағдарламасы ("Халықтық IPO бағдарламасы") іске асырылатын болады. IPO/SPO жүргізуден тартулардың әлеуетті көлемі 2015 жылға дейін 174 млрд. теңге және 2015 жылдан кейін 543 млрд. теңге деп бағалануда. Бағдарлама табысты болған жағдайда компаниялардың алынған қаражатты пайдалануда елеулі икемділігі болады.

Қаржыландыру үдерісін оңтайландару үшін Қор компаниялары тобында топшілік қаржыландыру әлеуеті барынша іске қосылатын болады.

Қаржыландыру қажеттілігі

Қордың 2011-2015 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес дамуға жалпы шығыстар (инвестициялар) 2015 жылға дейін 4 966 млрд. теңге деп бағаланып отыр:

млрд. теңгемен

	2012	2013	2014	Барлығы

				2015	
Қаржыландырудағы қажеттілік	1 650,9	1 287,3	1 075,8	952,1	4966,1
Қаржыландыру көздері:					
Республикалық бюджет (бюджеттік кредиттеу)	15,3	24,7	18,9	0,0	58,9
Республикалық бюджет (жарғылық капиталын толтыру)	12,0	311,0	397,3	240,2	960,4
ҚР Ұлттық қор (қайталама пайдалану), Ұлттық қордың Басқару кеңесінің шешімі бойынша	132,8	219,3	31,4	22,7	406,2
ҚР Ұлттық қоры (жаңа ақша), Ұлттық қордың Басқару кеңесінің шешімі бойынша	0,0	375,0	0,0	225,0	600,0
РБ мен ҰҚ-дың үлесі %-бен	9,7%	72,2%	41,6%	51,2%	40,8%

Бұл ретте республикалық бюджеттен түсімдер алдын ала болып табылады және сомаларды нақтылау қажеттілігіне қарай түзетілетін болады. 2012 жылғы екінші тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша "2012-2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" ҚР Заңында бюджеттік бағдарламалар бөлінісінде мынадай сомалар көзделген: Қорды бюджеттік кредиттеу: 2013 жылы – 24,7 млрд. теңге, 2014 жылы – 18,9 млрд. теңге; Қордың жарғылық капиталын толықтыру: 2013 жылы – 33,36 млрд. теңге, 2014 жылы – 418,1 млн. теңге.

Қаржыландыру көздерін Қор компаниялары инвестициялық жобалардың рентабельділігі көрсеткіштеріне және мемлекеттің стратегиялық мүдделеріне негізделе отырып айқындайды. Қажеттіліктің бір бөлігін (шамамен 41%) республикалық бюджет және ҚР Ұлттық қоры қаражаты есебінен қаржыландыру көзделіп отыр (Ұлттық қордың Басқару кеңесінің шешімі бойынша). Осылайша, 2015 жылы республикалық бюджет және Ұлттық қордың қаражат сомасы (Ұлттық қордың Басқару кеңесінің тиісті шешімі қабылданса) 3 916 млрд. теңгені немесе қорландырудың жалпы құрылымының 21%-ын құрайды.

2015 жылғы қорытындылар бойынша шоғырландырылған деректер (болжам)

Көзі	млрд. теңге	үлесі %-бен
Өз қаражаты	8 615	46%
Республикалық бюджеттен инвестициялар және қарыз берулер	1 859	10%
ҚР Ұлттық қорының қаражаты, Ұлттық қордың Басқару кеңесінің шешімі бойынша	2 057	11%
Капиталдың ішкі және сыртқы нарығындағы нарықтық қарыз берулер	6 057	33%
	18 588	100%

Осыған қарамастан Қор қорландырудың жалпы пулында бюджеттік құрамның көлемін қысқарту жолымен коммерциялық қаржыландырудың

пайдасына бюджеттік қаржыландырудан жоспарлы түрде бас тарту саясатын жүргізетін болады.

Осы тәсіл Қор компанияларының инвестициялық қоржынынан рентабелді емес әлеуметтік бағдарламаларды алып тастауды көздейді, бұл өз кезегінде Қор компанияларының ұзақ мерзімді құнына жағымды әсерін тигізетін болады.

Қор сондай-ақ топтық ішкі өтімділіктің тиімділігін арттыратын және дивидендтердің мөлшерін айқындаудың ашық тетіктерін қамтамасыз ететін еншілес және тәуелді ұйымдарға қатысты нақты дивидендтік саясатты қалыптастырады.

Өз мүдделерін компанияның дамуына жеткілікті қаржыландыру қажеттілігімен оңтайлы үйлестіруді қамтамасыз ету үшін Қор компанияларға дивидендтер жазудың нормативтерін айқындауға компаниялардың жетілуіне, олардың қызметінің сипаты мен рентабельділігіне, салалық ерекшелігіне, капитал сыйымдылығына және басқа да факторларға байланысты сараланған тәсілді жүзеге асыратын болады.

Қор оның компаниялардың құнын ұлғайту жөніндегі ұзақ мерзімді басымдығына сәйкес келетін инвестициялардың оңтайлы қоржынын және қорландыру құрылымын айқындайтын болады.

Қаржылық ресурстардың шектеулі болуына байланысты Қор жүйелі негізде барынша басым инвестициялық жобаларды өзектендіретін және айқындайтын, стратегиялық инвесторларды іздестірумен және тартумен шұғылданатын болады.

¹Ұлттық қорды басқару жөніндегі кеңестің тиісті шешімдері қазірдің өзінде қабылданған қаражат

²Еурооблигациялар мен кредиттік желілер ҚР Ұлттық банкінің бағамы: 1 АҚШ доллары = 148,7 теңге есебінде көрсетілген.

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры"
акционерлік қоғамының 2012 - 2022
жылдарға
арналған даму стратегиясына
9-қосымша

Қазақстан Республикасының Үкіметімен өзара іс-қимылдың ерекшеліктері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қорға қатысты функцияларының сан алуан: акционер, тарифтік реттеуші, салалық бағдарламалардың үйлестірушісі сияқты сипатына байланысты Қордың ҚР Үкіметімен өзара іс-қимылы Қор қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚР Үкіметі жалғыз акционер ретінде

Таңдаулы әлемдік практика мемлекеттік компания мен акционер ретіндегі Үкіметтің арасында нақты және ашық қатынастардың орнатылуы және мемлекеттік органдардың компаниялардың операциялық қызметіне араласпауы қажет екендігін растап отыр (Temasek және Khazanah Nasional әлемдік холдингтер мысалында).

Осыған байланысты Қорға өзара қатынастардың келесі тетіктері қолданылатын болады:

1) Үкімет тарапынан Қорды басқару тек қана жалғыз акционердің заңнамада көзделген өкілеттіктерін жүзеге асыру және Қордың директорлар кеңесіндегі өкілеттігімен жүзеге асырылады. Үкімет пен Қор және Қор тобына кіретін ұйымдармен өзара қатынас корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес директорлар кеңесі арқылы жүзеге асырылады. ҚР Үкіметімен өзара іс-қимыл кезінде Қор жалғыз акционер ретінде оның мүдделерін сақтайды.

2) ҚР Үкіметі Қордың және оның компанияларының операциялық қызметтеріне араласпайды.

3) Қорда есептіліктің және оның қызметінің ашықтығының тиімді жүйесі түзілген. Қор тоқсан сайын Директорлар кеңесіне Қор қызметінің шоғырландырылған негізгі нәтижелерін ұсынады (2013 жылдан бастап), сондай-ақ жылдық аудиттелген қаржылық есепті ұсына отырып, акционерді өзінің қаржы-шаруашылық қызметі және оның нәтижелері туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді.

4) Үкімет жалғыз акционер ретінде Үкіметтің отырыстарында оның қызметінің мәселелері бойынша Қордың ақпаратын тыңдауға құқығы бар.

Үкімет пен Қордың және Қор тобына кіретін ұйымдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың ерекшелігі "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, өзге де заңнамамен және Үкімет пен Қордың арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісіммен реттеледі.

ҚР Үкіметі салалық бағдарламалардың үйлестірушісі және реттеушісі ретінде Атқарушы билік органдары жүйесін басқаратын алқалы орган ретінде ҚР Үкіметімен өзара іс-қимыл заңдарда және ҚР Президентінің актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Қордың және оның компанияларының жедел (ағымдағы), оның ішінде инвестициялық қызметіне араласпау қағидаттарында құрылады.

Қордың инвестициялық қызметі нарық қағидаттарында немесе Қордың даму стратегиясына сәйкес мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін пайдаланып жүзеге асырылады.

Жалғыз акционердің Қорға қатысты дивидендтік саясаты

Жалғыз акционердің Қорға қатысты дивидендтік саясаты Жалғыз акционердің мүдделерін Қор және оның компанияларының дамуын жеткілікті

қаржыландыру қажеттілігімен оңтайлы ұштастырылуын қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Мыналар Жалғыз акционердің Қорға қатысты дивидендтік саясатының негізгі қағидаттары болып табылады: Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау, Қордың және компаниялардың ұзақ мерзімді құнын ұлғайту, Қордың және компаниялардың қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету, Қордың және оның компанияларының қызметін тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз ету.

Қордың және оның компанияларының әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыруға, кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған жобаларды іске асыруға қатысуын ескере отырып, көрсетілген қағидаттарды іске асыру Қордың шоғырландырылған таза кірісінің елеулі бөлігін қайта инвестициялауды талап етеді.

Қордың бос өз капиталы оларға Қордың қатысуының дұрыстығын Қордың Директорлар кеңесі айқындайтын экономиканың жаңа секторлары мен салаларында компаниялар құру мен сатып алуға инвестицияланады.